Вопрос качества образования является одной из основных тем в образовательной политике большинства стран. В условиях глобализации и ускоренного технологического прогресса, успешное развитие высшего образования напрямую связано с его способностью отвечать современным вызовам рынка труда и научного сообщества. В Казахстане и других странах СНГ этот вопрос становится все более актуальным в свете потребности модернизации образовательной системы. Одним из главных факторов, влияющих на качество образования, является внедрение эффективных методов оценки и аккредитации образовательных программ, а также использование инновационных технологий в учебном процессе [1; 3].

Качество образования в вузах – это многогранное понятие, которое включает в себя не только содержание образовательных программ, но и методы преподавания, а также результаты, которые демонстрируют студенты по окончании учебного процесса. Качество образования должно быть ориентировано на создание конкурентоспособных специалистов, соответствующих международным стандартам и потребностям глобального рынка труда.

По мнению казахстанских исследователей, таких как Кузиева Ж.Т. (2021), ключевыми аспектами качества образования являются:

1. Соответствие образовательных программ требованиям национальных и международных стандартов.
2. Качество преподавания и научно-педагогической работы.
3. Результаты обучения студентов, включая их профессиональные навыки и уровень общей культуры.

Международные стандарты качества образования, такие как требования Всемирной ассоциации университетов (UNESCO) и Европейской ассоциации университетов (EUA), ставят акцент на таких критериях, как академическая свобода, доступность образования, а также возможности для научных исследований и развития студентов [4].

Оценка качества образования в вузах осуществляется через различные механизмы, включая аккредитацию образовательных программ и рейтинговые системы. В Казахстане, как и во многих странах мира, аккредитация является важным элементом обеспечения качества образования. Аккредитация проводится как на национальном, так и на международном уровне, что позволяет образовательным организациям соответствовать мировым стандартам и получать признание на международной арене [1].

Международные рейтинги, такие как QS World University Rankings и Times Higher Education, являются важным инструментом, с помощью которого университеты могут оценить свою конкурентоспособность и уровень образования. Эти рейтинги оценивают университеты по множеству критериев: академические достижения, научные публикации, качество преподавания и репутация среди работодателей [5].

Система аккредитации и рейтингования оказывает большое влияние на процессы улучшения качества образования в казахстанских вузах. В последние годы наблюдается тенденция к активному внедрению международных аккредитаций в образовательные организации Казахстана, таких как аккредитации по стандартам EQUIS или AACSB [3].

Одним из наиболее значимых факторов улучшения качества образования в высших учебных заведениях является внедрение инновационных технологий. В последние десятилетия образовательные организации всего мира активно внедряют технологии дистанционного обучения, такие как массированные онлайн-курсы (МООС), платформы для электронного обучения, использование виртуальных лабораторий и образовательных симуляторов.

В Казахстане внедрение инновационных технологий в образовательный процесс набирает популярность. Например, Национальный исследовательский университет «КазГЮУ» внедрил систему дистанционного обучения, которая позволила улучшить качество образования, обеспечив доступность для студентов, обучающихся в удаленных регионах страны [2].

На международном уровне Coursera, edX и другие онлайн-платформы дают студентам возможность учиться у ведущих университетов мира, а использование искусственного интеллекта и аналитики данных позволяет преподавателям индивидуально подходить к каждому студенту, обеспечивая высокий уровень персонализированного образования [6].

В Казахстане активно разрабатываются и внедряются различные подходы для повышения качества образования в вузах. Одной из таких практик является *персонализированное обучение*, в рамках которого образовательный процесс строится с учетом индивидуальных особенностей и потребностей каждого студента. Внедрение электронных систем мониторинга и аналитики позволяет преподавателям точно оценивать уровень знаний студентов и адаптировать программу в соответствии с их потребностями [1, 28 с.].

Кроме того, важную роль в улучшении качества образования играет повышение квалификации преподавателей, участие их в международных образовательных проектах и программах обмена. Казахстан активно развивает программы международных академических обменов, что способствует интеграции лучших мировых практик в учебный процесс [3, 18 с.].

Качество образования в вузах является многогранным процессом, включающим множество факторов: от соответствия образовательных программ международным стандартам до внедрения инновационных технологий в обучение. В Казахстане развитие системы аккредитации и рейтингования, а также активное использование технологий дистанционного обучения и персонализированного подхода являются важными шагами в повышении качества образования. Для достижения устойчивых результатов необходимо продолжать работу над

улучшением качества преподавания, аккредитации и инновационных подходов в образовательном процессе.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Журинов А.М. Роль аккредитации в обеспечении качества образования в Казахстане. Алматы: Издательство «Қазақстан», 2019. 191 с.
2. Кузиева Ж.Т. Инновационные технологии в системе высшего образования Казахстана. Астана: Назарбаев Университет, 2021. 153 с.
3. UNESCO. World Higher Education Database. Paris: UNESCO Publishing.
4. European Association for Quality Assurance in Higher Education. Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area. Brussels: EQAR. 2020.
5. Harvey L. The Role of Rankings and Accreditation in Higher Education Quality. *Journal of Higher Education Policy*, 42(1), 22-34, 2020.
6. Zhaoyang J. The Impact of Technology on Education Quality in the 21<sup>st</sup> Century. *Journal of Education Technology & Research*, 45 (1), 34-46, 2022.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-64-69

ЭОК 372.881.111.1

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

**МАУКЕНОВА АҚНҰР АРТЫҚБАЕВНА**

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Өндіріс ауылы,  
Жарылқасын Отарбаев атындағы орта мектеп, Қазақстан Республикасы

***Аннотация:** мақалада ағылшын тілін сын тұрғысынан ойлау технологиясының мүмкіндіктерін пайдаланып оқытудың ерекшеліктеріне тоқталды. Сын тұрғысынан ойлау модулі мен жеке тұлғаның сыни тұрғыдан ойлауын дамытудың шарттары сөз болды. Ағылшын тілін оқытуға сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізу тілдік дағдыларды дамытуға қолайлы жағдай туғызып сонымен қатар оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау қабілеті өте қажет болатын шынайы өмірге дайындауға көмектесетіні қарастырылды.*

***Кілт сөздер:** орта мектеп, ағылшын тілі, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия, дағды, модуль, ынта.*

Қазіргі білім беру жүйесінде қоғамның даму деңгейі дәстүрлі білім беруден инновациялық білім беруге көшуді, білімді өз бетінше меңгеруге және оны өзгермелі жағдайда пайдалана алатын жеке тұлғаны дамытуды қамтамасыз етеді. Сондықтан білім беру мазмұнын жаңарту заманауи білім беру мекемесінің қызмет бағыттарының бірі болып табылады. Мұғалімнің басты мақсаты – білім берудің жаңа моделін құру, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгеру, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әртүрлі жаңа әдістерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. Жаңа технологияның мүмкіндіктері дидактика мен психологияда талданып, педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Қазіргі ағылшын тілін оқыту жаңа білім беру технологиялары мен әдістерін қолданудың арқасында елеулі өзгерістерге ұшырады. Терең білім алуға ықпал ететін негізгі құралдардың бірі – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Бұл когнитивті қабілет ақпаратты есте сақтаумен қатар, оны мағыналы талдауға, бағалауға және әртүрлі контексттерде қолдануға мүмкіндік береді. Ағылшын тілін оқытуға сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізу тілдік дағдыларды дамытуға қолайлы жағдай туғызады, сонымен қатар оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау қабілеті өте қажет болатын шынайы өмірге дайындауға көмектеседі.

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын жеке тұлғаның жалпы дамуына байланысты болмақ. Қазіргі кезде оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелерді шешуші-кәсіби шеберлігі жоғары ұстаздар. Жоғары кәсіби педагогикалық құзіретті мұғалімдерге қойылатын талаптар қоғам қажеттілігінен туындайды. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқу қарқынын жақсарту мақсатында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану- заман талабы.

«Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіруге болады [1.35 б.].

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.



Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айна-лддырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тыңдау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

- мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?
- маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді [2.3 б.].

Сыни ойлау-өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез – келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

I.Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шыңдалып, аршылады. Сабаққа белсенділігі, ынта – жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді.Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

II. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) – Реализация– оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) - Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз

шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың:

1. Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу.
2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу.
3. Проблеманы шеше білу.
4. Пікір таласты жүргізе білуге қабылеті қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығының нәтижесі.

1. Әдіс түрлері.
2. Белсенді практикалық іс-әрекетте болуы.
3. Басқалармен қарым-қатынас жасай білу, қорғай білу.
4. Қажет болса өз көз-қарасын өзгерту.
5. Топтық тұжырымға келе білу.
6. Топ алдына шығып өз тұжырымын айта білу.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі.

Қай замандарда да мектеп қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларындағы өзгерістерге икемделіп отырған. Әр кезеңге сай оқыту теориялары, оқыту үдерісін ұйымдастыру мәселелері де өзгеріп, жаңа сұраныстарға жауап берердей бейімделген.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту оқытудың жаңартылған бағдарламасындағы сабақтарда аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Ойлауға тиімді етуге лайықталған "Бес жолды өлең", "Венн диаграммасы", "Еркін жазу", "Семантикалық карта", сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады [3.74 б.].

Б.А.Тұрғынбаева «Сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асыру үшін төмендегідей шарттар орындалуы қажет» деп көрсеткен:

- ✓ Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек.
- ✓ Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- ✓ Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- ✓ Үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану.
- ✓ Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айнадырмау.
- ✓ Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
- ✓ Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тындау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана оқушылар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- Осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?
- Маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

СТО технологиясы - білім берудің сапасын арттырудағы тиімді жоба. Ол үшін оқытушы сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, оның өрісін дамытуда аянбай еңбектенуі қажет. Осы тәжірибені СТО технологиясы да ұстанады. СТО мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы болғандықтан, оқушылардың шығармашылығы мен танымдық белсенділігін арттырады. Сын тұрғысынан ойлау негізінде құрылған сабақта тек жақсы оқитын оқушылар ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артатыны даусыз. Сондай ақ «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясына негізделген сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектесе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқушы білімді өз ізденісімен, өз біліктілігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасып, артады. СТО бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және уақыт үнемдеге өте ыңғайлы. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады.

Нәтижесінде:

- оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді;
- жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;
- бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді;
- жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.

Сыни тұрғыдан ойлау – ақпаратты бағалау, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтау, әртүрлі көзқарастарды талдау және негізделген шешім қабылдау қабілеті. Ол талдау, интерпретация, салыстыру, синтез және қорытынды жасау сияқты дағдыларды қамтиды. Ағылшын тілін үйрену контекстінде бұл мәтіндерді тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар мәдени және тілдік айырмашылықтарды сыни бағалауға, мәлімдемелерді түсіндіруге және ағылшын тілінде өз пікіріңізді білдіруге көмектеседі. Кіші және үлкен балалар бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырса, олардың даму деңгейіне сай ой-өрісін шыңдап, әр жастағы оқушыларды кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі пікірдің бірін таңдап, саналы шешім қабылдауға үйретеді. Сыни тұрғыдан ойлаудағы «сыни» термині теріске шығару ретінде сипатталмайды, ол рефлексия барысында маңызды мәселелерді талқылауды, меңгерілген тәжірибе бойынша рефлексияны білдіреді. Біздің заманымызда балалардың дамыған тұлға болып, ой-өрісі күшті болуы маңызды және қажет. «Сын тұрғысынан ойлау технологиялары» сабақтарында келесі шараларға көңіл бөлінеді:

- Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту уақытты қажет етеді.
- Оқушыларға ойлануға, алаңдауға және өз ойын ашық айтуға мүмкіндік береді.
- Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- Оқушылардың оқу барысында белсенді болуын қамтамасыз ету.
- Кейбір оқушылардың жауаптары мен сындарының дәлелді және дәйекті болуын талап ету.

Сыни тұрғыдан ойлауды меңгеру үшін мынадай қасиеттер болуы керек:

- Жоспарлауға дайын болу;
- Бейімделу (басқа адамдардың идеяларын қабылдау қабілеті);
- Табандылық (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмау);
- Жақсы түсіну (өзінің және басқалардың пікірін ұстану);

- Компромисстік келісімді іздеу [4,11 б.].

Жеке тұлғаның сыни тұрғыдан ойлауын дамытудың шарттары:

- Сыни тұрғыдан ойлау тәжірибесін жинақтауға уақыт пен мүмкіндік беру;
- Оқушылардың ойлауына жағдай жасау;
- Түрлі идеялар мен пікірлердің пайда болуына мүмкіндіктер туғызу;
- Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың белсенділігін қолдау;
- Әрбір оқушы сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті;
- Оқушыны өз пікірін айтуға ынталандыру және өз пікірін бағалау [5, 85 б.].

Сын тұрғысынан ойлау модулі бойынша сабақ 3 кезеңге бөлінген.

1. Қызығушылықты ояту.

2. Мағынаны тану.

3. Ойды ынталандыру.

Қызығушылықты ояту қазіргі және өткен білімін, қарастырылып отырған мәселе бойынша оқушының не білетінін, не айта алатынын, ойлау, ойын жеткізе білуін ұштастыруда. Оқу үрдісінде оқушы жаңаша ойлауға, оқуға, сөйлеуге, талқылауға, өз пікірін айта алады. Пәнге деген қызығушылықты ояту кезеңінің тағы бір мақсаты – баланың белсенділігін арттыру. Бұл жаңа технология баланы белсенді әрекеттер арқылы білім алуға және қарым-қатынаста бірлескен диалог құра отырып, өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді.

Мағынаны тану кезеңінде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, мұғалім сұрақ-жауап арқылы өз бетінше жұмыс жасай отырып, жаттығуларды орындауға бағыттайды. Бұл жүйенің бір ерекшелігі – кез келген ақпарат жан-жақты тексерілгеннен кейін қабылданады. Екінші ерекшелігі, білім әдетте жеке емес, топтық немесе ұжымдық талқылау түрінде алынады. Ойлау кезеңінде оқушы алған білімдерін қорытып, ажыратып, білмегенін сұрауға дайындалады. Бұл кезеңде жаңа сабақты түсіну үшін жаңа тақырыпты алдыңғы тақырыппен ұштастыра білу дағдысы қалыптасады. Мұнда олар өз ойларын ашық, еркін айта алады, сабақ барысында бір-бірінің қателері туралы айтады, жақсы қасиеттерін біледі, бір-біріне тілектерін айтады. Оқытудың бұл кезеңінде оқушылар бір-бірінен үйренеді, жұппен жұмыс істеуге үйренеді. Мұғалім баланың ерекшеліктерін байқап, олардың өз бетінше дамуы мен оқуға деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасауы керек. Ағылшын тілін Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Өндіріс ауылы, Жарылқасын Отарбаев атындағы орта мектебінде сыныптар арасында «Бес қадам талдау және дәлелдеу әдісі» сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша эксперимент жүргіздік. Ол «Талдау мен дәлелдеудің бес қадамы» тәжірибесінің мектепте орындалу барысы туралы есеп беріліп отырды. Тәжірибенің мақсаты: «Сынып оқушылары арасында бес қадамдық талдау және дәлелдеу әдісі арқылы ағылшын тілін оқытуға сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізу.

Тәжірибе барысы: 1. Алдын ала дайындық. 2. Тәжірибе басталар алдында білім деңгейіне қарай әр сыныпқа бейімделген сабақ жоспары құрылды. 3. Ағылшын тілі мұғалімдері бес қадамдық әдісті сабаққа енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар алды. Оқушыларды ағылшын тіліндегі ақпаратты сыни тұрғыдан түсінуге ынталандыратын талдау, дәлелдеу және рефлексия дағдыларын дамытуға басты назар аударылды. 4. Әдістемені жүзеге асыру кезеңдерінде сабақты негізгі кезеңге бөлдік:

- Ақпарат жинау;

- Оқушыларға талдау үшін олардың білім деңгейіне сәйкес мәтіндер, бейне немесе аудио материалдар ұсыну.

Мысалы, иллюстрациялары бар қарапайым мәтіндер, күрделірек түпнұсқалық мақалалар мен TED Talks пайдаланылды.

Сыни талдау: оқушылар дәлелдердің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға арналған сұрақтарды пайдаланып ақпаратты талқылады және қорытындылады. Бұл кезеңде олар негізгі фактілерді анықтауды және материалдардың мазмұнын түсіндіруді үйренді. Оқушыларға талқыланатын тақырып бойынша өз пікірлерін білдіру ұсынылды.

Бұл пікірді мәтіннен немесе бейнежазбадан мысалдар арқылы дәлелдеп, қорыту керек болды. Оқушылар топтық пікірталастарға және шағын дебаттарға қатысты, онда олар өз позицияларын қорғады және басқалардың пікірлерін даулады. Бұл пікірталас оқу дағдыларын дамытуға көмектесті.

Рефлексия: Пікірталастардан кейін оқушылар пікірталас нәтижесінде өз пікірлері қалай өзгергенін және қай дәлелдер ең сенімді болғанын талдай отырып, рефлексиялық эссе немесе шағын жазбалар жазды. Оқушылар пікірталасқа белсенді қатысты, бірақ алғашқы кезеңде кейбіреулерге ағылшын тілінде өз пікірлерін айту қиынға соқты. Кейін мұғалімнің қолдауымен олар «Менің ойымша», «себебі» сияқты түйінді сөз тіркестерін меңгеріп, қарапайым диалогтарға қатыса алды.

Рефлексия негізгі деңгейде өтті: оқушылар үлгілі өрнектерді пайдаланып 3-4 сөйлем жазды. Қорыта келе, оқушылар негізгі сыни талдау және дәлелдеу дағдыларын дамыта бастады. Оқушылар тақырыпқа қызығушылық танытты, әсіресе мектепте компьютерді пайдаланудың оң және теріс жақтарын талқылады. «Не жақсы?» сияқты талдау сұрақтары және «Не жаман?» тақырыпты тереңірек түсінуге көмектесті. Оқушылардың пікірлері қарапайым тілмен айтылды, бірақ олар технологияның оқу процесіне қалай әсер ететіні туралы хабардар екенін көрсетті. Қорытынды: оқушылар сыни талдаудың негізгі дағдыларын ойдағыдай игеріп, дәлелді пікірлер айта білді.

Оқушылар өз ойларын фактілерге сүйене отырып жеткізу, мәселелерді дәлелді түрде талқылау дағдылары қалыптастырды.

Рефлексиялық эсселер мәселені терең түсінуді көрсетті және оқушылардың дамуының ықтимал салдарын талдауда жетілгендігін көрсетті. Баланың күрделі тақырыптарды талқылауға дайын екендіктерін көрсете отырып, тілді меңгеру және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің жоғары деңгейін көрсетті.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Райысов У.Сын тұрғысынан ойлау технологиясы, -Алматы, 2009.
2. Калмыков Т.С. Саморегуляция деятельности школьника и формирование активности личности. М., 2006. -412 с.
3. Данилов М.А. Роль начального обучения в умственном и нравственном развитии человека. –М., 2010. -3- изд., 321 с.
4. Стрезикозин В.П. Виды обобщения в обучении. – М.,Педагогика, 2012. – 412 с.
5. Махмудов М.Н. Самостоятельная работа учащихся. - Казань, 2013, -240 с.
6. Раченко И.П. Активность личности в обучении. - Вестник высшей школы, 2007.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-70-75

ӨОК 514:011.41

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

**БЕКСЕИТОВА ҒАЛИЯ МЫРЗАБЕКОВНА**

Тарих пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Өндіріс ауылы, Жарылқасын Отарбаев атындағы орта мектеп, Қазақстан Республикасы

***Аннотация:** мақалада қазақ мәдениеті арқылы қазақтың ұлттық педагогикасын қалыптастыру, ұлттың этностық ерекшеліктері қарастырылды. Халық педагогикасы - халықтың мәдени мұрасы ретінде көрсетілді. Қазақ халқы өзінің тәрбиелеу, дүниетану жүйесін көшпелі және отырықшылық тұрмысқа байланысты, тарихи-әлеуметтік жағдайларға сәйкес дамытып, өзінің ұлттық (этностық) мәдени ерекшеліктерін қалыптастырған жолдары сөз болды. Мәдениеттің өмірдегі көрінісі - ұлттық тәрбиенің жемісі болып көрсетілді.*

***Кілт сөздер:** орта мектеп, халық педагогикасы, ұлттық мәдениет, этнос, ұлттық қасиеттер, салт-дәстүр.*

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық құралдарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы - халықтың мәдени мұрасы.

Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан. Ал этностық (ұлттық) ерекшеліктері сол этностың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи әлеуметтік, жағрафиялық жағдайларына, генетикалық, физиологиялық т.б. ұлттық ерекшелігіне байланысты болатыны белгілі [1,35 б.].

Тәрбиелеу- мәдениетке баулу деген сөз. Қазақ халқы өзінің тәрбиелеу, дүниетану жүйесін көшпелі және отырықшылық тұрмысқа байланысты, тарихи-әлеуметтік жағдайларға сәйкес дамытып, өзінің ұлттық (этностық) мәдени ерекшеліктерін қалыптастырды.

Қазақ халқының мәдениетіндегі тәрбие мен оқыту ерекшеліктері оның ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімшілдік десек; Рухани болмыстары: өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, жадына сақтай білу қабілеттілігі оның ұлттық ерекшеліктерін танытады.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (ұлт педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесін халықтық тәлім-тәрбие дейміз де, ол туралы тұжырымдалған ғылыми жүйені халық педагогикасы дейміз.

Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінің құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйретуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адами қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана-сапасын арттырады.

Ал, ұлттық салт-дәстүрлер игі әдебиеттердің әдет-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық қолданыстың қолданылмалы заңға айналуы), салттан салт-сана (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсететін жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады.

Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді де, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиетерін қалыптастырады.

Халық педагогикасы- сол халықтың тұрмыстық, өмірлік тәжірибесінен дамып, қалыптасқан ұлттық тәрбиелік және дүниетанымдық жүйені көрсететін ғылым саласы. Халықтың (этностың) тәжірибесінсіз “педагог та жоқ, педагогика да жоқ “ (К.Д. Ушинский). “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз” (Аристотель). Сол халық тәжірибесі арқылы дамып қалыптасқан “Халық педагогикасы-империкалық білімдер жиынтығы” (Г.С. Виноградов) болып табылады. Қазақ халқының халық педагогикасы ұлттық тәрбие құралы ретінде оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін қалыптастырады [2,47 б.].

Педагогика және этнопедагогиканың арақатынасына (К.Ж. Қожахметова) төмендегідей талдау жасайды.

Ғылымның компоненттері	Педагогикалық ғылым - үлкендер мен балаларды тәрбиелеу мен оқыту туралы ғылым заңдылықтары
Мақсаты мен міндеттері	1.Тәрбие аймақтарының заңдылықтарын ашу, білім беру, оқыту, тәрбиелеу мен білімдендіру жүйесін басқару; 2. Практикалық тәжірибені кеңейту және үйрену; 3. Білім беру жүйесін болжау; 4. Практикада зерттеудің нәтижесін енгізу.
Нысанасы	Педагогика нысаны – адамның өзгеруі мен өзіндік өзгеруі барлық жағынан құрылымы және оның қалыптасуы.
Пәні	Пәні-оқу-тәрбие үрдісінің мақсаттылығы, бар мақсаттылығының қалыптасуы, оқыту, оқу, өзін-өзі білімдендіру мен өзін-өзі тәрбиелеу. Педагогика пәні- тәрбие, білім беру, оқытудағы адамның тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы бағыттар үрдісі.
Қызметті	Адамдарға таным заңдылықтары тәрбие, білім беру, оқыту мен оның негіздерін көрсету және жақсы жолы педагогикалық тәжірибе мен қойылған мақсатқа жетудің тәсілін көрсету.
Әдістері	Бақылау, тәжірибеден үйрену, басылымдар, мектеп құжаттарын талдау, педагогикалық шеберлікті үйрену, әңгімелесу, педагогикалық эксперимент, педагогикалық тестілеу, сауалнама, сандық әдістер.
Принциптері	Тәрбиелеу: 1. құндылық қарым-қатынасқа бағытталу; 2. Субъективтілік; 3. “баланың бар екенін қабылдау”. Оқыту: оқытудың дамытушылық, тәрбиелеушілік сипаты; ғылыми мазмұн мен оқу процесінің әдістері; ғылым жетістіктерін меңгерудегі жүйелілік пен бірізділік; саналылық; көрнекілік; оқытудың жеткіліктілігі; оқытудың өмірмен байланыстылығы;
Категориялары	Тәрбиелеу, оқыту, білімдендіру, қалыптастыру, дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, педагогикалық процесс, әлеуметтік қалыптасу.
Заңдары	Оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістерінің әлеуметпен ұштасу заңы; тәрбиелей және дамыта оқыту заңы; оқушылар іс-әрекетінің оқыту мен тәрбиелеуге бағыттылық заңы; педагогикалық процестің тұтастық заңы; оқытудағы теория мен практиканың байланыстылық заңы; оқу практикасын ұйымдастырудағы ұжым мен жеке адамдардың байланыстылық заңы.
Заңдылықтары	Педагогикалық заңдылық - тәрбие құбылыстарының нақты шынайылықпен байланыстылығы. 1.Жеке адамның әлеуметтік-психологиялық қалыптасуы, баланың өзіндік белсенділігіне байланысты іске асырылады;

	<p>2. тәрбие процесінде баланың іс-әрекетінің мазмұны, өзекті қажеттіліктердің тууына байланысты өзгеріп отырады;</p> <p>1. жеке адам тек өзінің іс-әрекеті арқылы ғана дамиды.</p> <p>2. Бала өзін жақсы көргенде, қорғанышты сезінгенде өзінің қарым-қатынасын еркін көрсете алады.</p> <p>3. Субъектінің белсенді іс-әрекеті барысында объектіге жеке қарым-қатынасы туындайды.</p> <p>4. Баланың дамытушылық автономиясы мен психологиялық эмансипациясы тәрбиенің “жабық сипатын” бейнелейді.</p> <p>5. Жеке адам тұтас феномен ретінде өмір сүреді.</p>
Теория	<p>Тәрбие процесінің мәні. Тәрбие процесінің заңдылықтары. Жеке адамды қалыптастырудың біртұтас теориясы. Тәрбиеге комплекстік тұрғыдан келу теориясы. Оқушы тәрбиесін жүйелі талдау. Педагогтар мен оқушылардың қарым-қатынасын қалыптастыру. Және басқа теориялар.</p>

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті – тарихи мәні бар, өзіндік ерекшеліктері бар құбылыс. Этнопедагогика - ұлттың мәдени мұрасы, тәрбие негіздері. Белгілі ғалым А.Қасымжанов: “Мәдени эмпирикалық деректер мен айғақтарға талдау жасай келе және ғылыми ілімдерге сүйене отырып, этномәдени уақыттың рухани дүниетанымдағы (негізінен қазақ халқының) кезеңдерін (мифологиялық уақыт, архетиптік уақыт, өркениеттік уақыт, дәстүрлік уақыт, инновациялық уақыт) ғылыми түрде, айқындап көрсетеді. Ағартушылық - қазақ халқының ХІХ ғасырдағы рухани мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады”, - дейді (Қасымжанов А. Рухани тамырлар. “Қазақ”, 90-б.) [3,11 б.].

Ұлттық мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық (халықтық) педагогикасымен сабақтасып жатқанын көреміз. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал, тәрбие дүниетаныммен, өмір заңдылықтарымен (философиямен) тығыз байланысты.

Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең әуелі дүниетанытуды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Қазақтың халық педагогикасының үлкен бір саласы ауыз әдебиеті (жалпы әдебиет) - ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті сезуге, тіл мәдениетіне құштарландыра тәрбиелейтін күдіретті құрал. Оның тәрбиелік кеңістігі мен қуаттылығы тарихи кезеңдер мен уақыттарға байланысты өлшенеді.

Мәдениеттің өмірдегі көрінісі - ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет – тәрбиенің (мәдениеттілікке тәрбиелеудің) басты құралы болып табылады. Кез келген әдеби шығарманың эстетикалық (көркемдік) мәні тәрбиеленушінің этикасы мен этникасын (әдебин) яғни мәдениетін қалыптастыруға себін тигізеді, әсер беріп адамдығын қалыптастырады.

Жас ұрпақтың әдептілігін (мәдени болмысын) дамытып қалыптастыру үшін, қазақ халқы әдебиеттің әдептілікке үйрететін үрдістерін жан-жақты пайдалана білген.

Ең әуелі бір жастан бес жасқа дейінгі баланың адамдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында, қазақ халқы тілашар дәстүрі сияқты ұлттың шығармашылық жемістерін барынша қолданып, оны тәрбие құралы етіп, пайдаланған.

Әсіресе, қазақ халқының мақал-мәтелдері ұрпақты мәдениеттілікке тәрбиелеудің ең басты құралы болды.

“Туған жерге туың тік”, “Кісі елінде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол” сияқты мақалдар туған жерді сүю отанды ардақтау мәдениетін үйретуді көздейді.

“Кәсіп, кәсіптің түбі – нәсіп”, “Аз да болса, саз болсын” сияқты мақалдар кәсіпте мәдениет негізі екендігін меңзеп, “аз да болса, саз” еңбек мәдениетін үлгі етіп көрсетеді.



“Бірлік болмай, тірлік болмас”, “Ырыс алды ынтымақ” сияқты мақалдар ынтымақ пен бірлік ұлттық мәдениеттің өзекті бір түйіні екендігін түйсіндіреді де, “Бас басыңа би болсаң, Манар тауға симассың. Бір данаға жол берсең, жанған отқа күймессің” деп түйіндейді.

“Бөріктің намысы бір”, “Ер мойнында қыл арқан шірімес” деп, халық ер азаматтардың намыстылығын және олардың елге қызмет ету мәдениеті әруақытта сақталады деп, олардың халық алдында парызын мойындатады.

Ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, *салауаттылық, имандылық мейірімділік, қайырымдылық* сияқты мәдени көріністерін табады.

Ұлттық мәдениеттің дәстүрдегі бастау көрінісі – сәлемдесу. Сәлем - әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің белгісі. Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем ету сияқты түрлері өзінің жөн-жоралғылық (мәдени) ерекшеліктерімен сараланады. Қазақ келіні сәлем ету кезінде инабаттылық көрсетіп, үлкенге шынайы күлімдеп, жылы шырай көрсетсе, оның мәдениеттілігінің өз дәрежесі белгілі болады [4,10 б.].

Ұлттық мәдениеттіліктің белгілері, әсіресе, отбасындағы сыйласымнан көрінеді. “Әке - отбасының пірі”, “ана-әулеттің күні” деп халық от басындағы сыйласым мәдениетін ең әуелі ата-ананы сыйлаудан бастауды үйретеді, талап етеді. Отбасындағы сыйласымдық дәстүр бойынша ата, әке, аға, іні, әже, ана, әпке, сіңлі ұғымдарына сәйкес әрбір адамның өзінің сыйласымдық міндеттері мен борыштары және перзенттік парызы болады.

Халық отбасынан кейінгі сыйласым мәдениетін ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт бола білу деп түйеді. Өйткені ұстаз өнеге көрсетеді, мәдениеттілікті үйретеді. Сондықтан шәкірт ұстаздан мәдениеттілікті үйренумен қатар, ұстаз бен мәдениетті түрде қарым-қатынас жасай білуге міндетті. Оның үстіне ұстаз “сегіз қырлы, бір сырлы” өзінің мәдениеттілік қасиеттерін шәкіртінің бойына сіңіріп, жүрегінде нұр жандырады. Ұстазын сыйлай білген шәкірт, өзінің ата-анасын, халқын да сыйлай білетін мәдениетті азамат болып өседі.

Ұлттық дәстүр бойынша, әдеппен сөйлеу, көпшілік орындарында әдепті болу, инабатты, иманжүзділік талап етіледі. Үлкеннің атына сыйласым мен ізеттілік белгісі ретінде “еке” деген сыйласымдық жұрнақ қосылып (Әдеке, Беке, Ардеке т.б.) айтылса, және “апашым”, “апатайым”, “ағатайым” деп атаса, кішілерге және балаларға сөз айтқанда “жаным”, “күнім”, “айым”, “ботам”, “құлыным” деген инабатты сөздер қосылып айтылып, дәстүрлік мәдени үрдістер қолданылады.

Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық дәстүрлеріндегі рәсімдері - ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып табылады. Мысалы, кісі күту дәстүрі бойынша қонақ қабылдау, қонақасы беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалады.

“Халқыңды сүйсең, салтыңды сүй” деп халық ұлттық тәрбиеде қасиетті туған жерді қастерлеу, халықты қастерлеу, текті, ұлтты, жалпы адамзатты сүюді парыз деп санайды, халық педагогикасының мәдени, рухани кредосы - әдептілік.

Аталы сөз – бата, өнеге, тілек - ұлттық мәдениеттің мәнді белгілері. Ұлағатты ұстаздар мен шешендер, хандар, билер, атақты аталар мен дарынды даналар өздерінің өсиеттерін айтып, өнегелерін көрсетіп, ана тілінің айшықты сөздерімен тілек, бата беріп, ұрпақта мәдениеттілікке тәрбиелеуді мақсат тұтқан.

Халықтың ұрпақты әдептілікке (мәдениетке) тәрбиелейтін ұлағатты ұғымдары мен ырым, тыйым сөздерінің мәдени тәрбиелік мәні зор. Салауаттылық, сауап, үнем сияқты ұғымдарға қайшы келетін кесір, обал, ысырап сөздерінің мәнін халық жас ұрпаққа жастайынан түсіндіріп, ұрпағын салауаттылыққа, үнемшілдікке, ұқыптылыққа, яғни мәдениеттілік негіздерін білуге тәрбиелейтін.

Халық ұрпағынан ағайын, жекжат-жұратты сыйлау дәстүрлері арқылы аталас, ауылдас, құда, нағашы, күйеу, жезде, жиен, дос, жолдас, таныс, ұжымдас адамдармен сыйласу мәдениетін талап етеді. “Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын”, “Құдаңды

*құдайдай сыйла*”, “*Шын дос болу – бақыт*” деп халық адам сыйлаудың ғажап үлгілерін ұрпағына үнемі үйретіп отырған.

Ер намысы, қыз абыройы - қазақ халқының ұлттық тәрбиедегі мәдени мұралық белгілерін білдіретін тәрбиелік тіректері. “*Жақсы жігіт он бесінде баспын*” дейді, “*жаман жігіт отыз бесінде жаспын*” дейді деп, халық жеке тұлғаның мәдениеттілігі жастайынан-ақ белгілі болатынын дәлелдейді. Халық қыздың абыройлы болуына көбінесе ана жауапты деп қарап, қызды әдепті (мәдениетті) етіп тәрбиелеу - ұлттық міндет екенін баса көрсетеді.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса ондай тұлға ұлт алдында “мәңгүрт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Қазақтар “Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле”- дегендей, халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. Ұлттық тәрбиеміздің халықтың сан ғасырлар тарихымен тығыз байланыста болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Халқымыздың ұлттық тәрбиесі негізінен жүйелі болған. Өйткені, тәрбие әке-шеше, отбасынан бастап, ағайын- туыс, көрші-қоланның бәрі араласып, бәрі де халықтың баласына ортақ қамқорлық жасаған. “Балаңа басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр” деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған. Сол себепті ұлтымыз: “Балаң өзіңе тартса- жұбан, қоғамға тартса - қуан” - деп бекер айтпаған. Біздің тәрбиеміздің бір ерекшелігі - қыз балаға қамқорлықпен қарау. Себебі халқымыз қыз тәрбиесіне баса назар аударған. “Ел болам десең- бесігінді түзе” дегендей, тәрбие бесіктен басталатынын бәрімізге белгілі. Ал бесік иесі- ана. Ал қазіргі заманда қыз баланы, яғни болашақ бесік иесін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек, өйткені қыз бала ертеңгі бойжеткен, ана, халқымыздың болашағы. Сондықтан да отбасының берекесі болмай, Отанның мықты болуы мүмкін емес. Яғни, Қазақстанның әлем мойындайтын мемлекет болуы әрбір отбасына, оның мүшесіне әсіресе әйел затына көбірек байланысты. Себебі қашанда отбасының ұйытқысы - “Әйел” деген даналық сөз бабалардан болашаққа жалғасып келеді. Баяғының білімпазы Ризаудин Ибн Фахруддин: “Әйелдері тәрбиелі болған халық -тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық-тәрбиесіз”. Әйелдері үнемшіл,пысық, жігерлі, талантты болса- халық бай, ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса, халық тақыр кедей болады,-деп бекер айтпаса керек. Тіпті, қыз бала анасына тартады деп қортынды жасаған халықта ақылды әжелер, инабатты аналары бар ауылдың бойжеткеніне көрмей-ақ құда түсу салты да бар. Қызды тәрбиелеу- ұлтты тәрбиелеу,-деген сөз. “Халықты тану үшін қызын көр”- дейді. “Кәріге құрмет, үлкенге міндет” демекші үлкендерді, қарттарды, ақсақалдарды сыйлау тәрбиеміздің ең басты ерекшелігі деп санауға болады. Себебі халқымыздың тарихына үңілсек, ұлттық танымды қалыптастырушы ата-анаға деген көзқарас пен құрмет ерекше болған. Яғни, халқымыздың ұрпақ тәрбиелеу үрдісі, отбасындағы қарым-қатынас үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету тәрізді ұлттық дәстүрлері әрқашан сақталған және оның ұрпақ тәрбиелеудегі маңызы айрықша, халықтық мінез- құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық пен әділдік сияқты қасиеттеріміз ұлттық дәстүр ретінде қалыптасқан. Бұған дәлел “Үлкенді ұлықтап өскен ел ойсырамайды”, “Кәрі, кәрінің сөзі- дәрі”, “Кәрісі бардың ырысы бар”, “Атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз”, деген ұлағатты сөздеріміз, мақал- мәтелдеріміз бекер айтылмаған болу керек. “Бала- артта қалған із, бақыт- ұзатылған қыз”, “Ұл-қызың мұрагерің, ертеңгі із басарың, өшпес ескерткішің, жалғанда жасар жалғасың” - дейді халық. Сондықтан да адалдық құндылықтарды, халықтық ұранын зор ниетпен бағалай біліп, оларды адамзат мүддесіне жарату, салт-тәрбие көрсетілген). “Қыз өссе, елдің көркі”, “Жоғалтпа салт-дәстүріңді”, “Ұлттық тәрбиеміздің ерекшеліктері” т.б. тақырыптарда

пікірталас, әңгіме жүргізу арқылы оқушылардың ұлттық тәрбиеге деген танымдық қызығушылықтарын оятуға міндеттіміз [3,14 б.].

Тәуелсіз еліміздің, алдыңғы қатарлы, өркениетті елдермен терезесі тең болу үшін, қазақ елінің мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, ғылымын көтеретін тұлғаны қалыптастыру қазіргі Қазақстан педагогика ғылымының басты мақсаты. Осы орайда, келтірілген деректер оқушыны жауапкершілікке тәрбиелеуден туындайтындығын толық дәлелдейді. Ал қойылған талап сол шәкірттерді өзіне тән мінез, ұғым қабылдау ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру шешуші мәнге ие болу мен қатар, сол оқушының ар-ұждан, намыс, ұлттық сезімдерін терең түсініп, адамгершілік ынтасын көтере түсетіндігі айғақ. Тәрбие саласында мақсатқа жетудің негізгі принципі - көзделген істің мазмұны, оны жүргізу әдістемесі мен тәсілі және түрі екендігін үнемі ескертуге тиістіміз. Оқу әрекеті баланың дамуының басты шарты, оқушылардың кейінгі саналы өміріне қажетті қызығулардың, түрткілерінің, дағдылардың қалануының негізі болғандықтан, оқыту үрдісіндегі маңызды мәселелердің бірі саналы оқу әрекетін қалыптастыру болып есептеледі. Олай болса, оқу үрдісі баланың әрбір даму кезеңдерінде пайда болатын жетекші әрекетінің сәйкестендіріп, қоршаған дүниені тануға, танымдық қасиеттерін әрекет тәсілдерін меңгеруге, бойындағы қабілеттерін жетілдіруге, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ұмтылдыру қажеттіліктерін туғызады.

XX ғасыр қоғам талабына байланысты білімдендіру ғасырына айналуға. Қазіргі кездегі саясат экономикалық өзгерістерге сай қоғамдық өмірдің барлық саласындағы демократиялық жағдайларға байланысты білім беру мәселелері маңызды орынға ие болуда. Осыған байланысты адами-құндылық қасиеттері мен кәсіби біліктілігі жоғары бағытта жұмыс істей алатын мамандар даярлау мәселелерінің қажеттілігі артауда.

Тәуелсіз еліміздің, алдыңғы қатарлы, өркениетті елдермен терезесі тең болу үшін, қазақ елінің мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, ғылымын көтеретін тұлғаны қалыптастыру қазіргі Қазақстан педагогика ғылымының басты мақсаты. Осы орайда, келтірілген деректер баланы жауапкершілікке, білімділік пен қатар рухани-дүниетанымдық, адами-құндылық қасиеттерінің жоғары деңгейде тәрбиелеуден туындайтындығын толық дәлелдейді. Ал қойылған талап сол шәкірттерді өзіне тән мінез, ұғым қабылдау ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру шешуші мәнге ие болу мен қатар, сол оқушының ар-ұждан, намыс, ұлттық сезімдерін терең түсініп, адамгершілік ынтасын көтере түсетіндігі айғақ.

Олай болса, этнопедагогика ғылымының дамуына өзіндік үлесімізді қосу, ары қарай өз деңгейінде дамыту баршамыздың міндетіміз екендігін ұмытпауымыз керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. Алматы, – 2001.
2. Әбілова З.Ә. Этнопедагогика. Алматы, – 1997.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, – 2000.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, – 1995.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-76-81

## БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**НИШАНБАЕВА САБИРА ЗЕТБЕКОВНА**

«Педагогика, бизнес және құқық» институты. «Педагогика, психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының PhD., доценті. Алматы қ.

**Аннотация:** Бүгінгі таңда болашақ педагогтерді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау – жоғары мектептің ең өзекті мәселесі. Олар қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай оқу-тәрбие үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізумен бірге, білім алушылардың тез өзгермелі ақпараттық қоғамға үйлесімді бейімделуінің, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыра алатын құзыретті маман тұлғасын дайындаудың амбебап құралына айналып отыр. Ең алдымен, цифрлық білім беру ресурстары дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған дайын интерактивті мультимедиялық өнім болып табылады. Қазіргі таңда оларды пайдалану тиімділігі – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар ақпаратқа қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру.

Сонымен қатар тәжірибелік эксперимент жұмысы барысында болашақ мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын кәсіби өзін-өзі дамыту құралы ретінде меңгеруін қалыптастыруға бағытталған «Цифрлық білім беру ресурстары – кәсіби өзін-өзі дамыту құралы» атты курс бағдарламасы жасақталған.

Зерттеу Алматы гуманитарлы-экономикалық университеттің қаржыландырылуымен жүргізілді.

**Түйін сөздер:** білім беруді цифрландыру, цифрлық білім беру ресурстары, компьютер, мультимедиялық, интерактивтілік, қол жетімділік.

## FORMATION OF READINESS OF FUTURE TEACHERS TO USE DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN THE CONDITIONS OF DIGITALIZATION OF EDUCATION

Today, preparing future teachers for the use of digital educational resources is the most pressing issue of Higher Education. They contribute to the effective organization of the educational process in accordance with the requirements of the modern information society, but also become a universal tool for the harmonious adaptation of students to a rapidly changing information society, training the personality of a competent specialist capable of professional self-realization. First of all, digital educational resources are ready-made interactive multimedia products aimed at achieving a didactic goal or solving certain educational tasks. Currently, the effectiveness of their use is not only to generate interest in the information educational environment, but also to ensure the degree of access to information and improve the quality of Education.

Using digital educational resources, the authors independently develop the intellectual potential of students and increase the knowledge base. Using them creatively, we tried to find out whether it is possible to present the educational process in an interesting and informative way.

**Key words:** digitalization of education, digital educational resources, computer, multimedia, inter-activity, accessibility.

### Кіріспе

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін, біз, біріншіден, Қазақ-

стан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсатын – цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін арттыруды жүзеге асырудың басты бағыты ретінде қарастыра аламыз (Мемлекеттік бағдарлама..., 2017) [1]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласындағы қазіргі пандемия кезіндегі өзекті проблемалардың бірі есебінде онлайн білім беру платформасын атап өткен болатын (Тоқаев, 2020) [2].

Цифрландыру, бір жағынан, біріктіруші және кіріктіруші бастама ретінде әрекет етсе, екінші жағынан, педагогтер қауымы және жалпы қоғамның әрбір мүшесі үшін мүлдем жаңа оқыту құралы болғандықтан, оны меңгеруде үлкен қиындықтар туындап отыр. Бірінші кезекте цифрландыру күнделікті өмірдің барлық салаларына түпкілікті енуі тұлғаның жеке сапалық қасиеттерін жетілдіруге жаңа талаптар қояды. Оның ішінде, ең алдымен, оның танымдық қызметтеріне өзгерістер енгізе отырып, қазіргі әлеуметтік ортаның ерекше сұранысына айналып отырған икемді дағдыларды (soft skills) дамытуды талап етуде.

Қазіргі постиндустриалды қоғамға негізгі үш сипат (білім, ақпарат, цифрлық технология) тән екенін ескерсек, бұнда ақпарат әлеуметтік процестердің жұмыс істеуінің қайнар көзі ретінде әрекет етеді және олардың арасындағы өзара байланыстың шарты болып табылады. Себебі ғаламдық желі көмегімен ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, адам өмірінің экономикалық саласын көркейтуге, әлемдік құндылықтарға, озық тәжірибеге жол ашылады. Яғни ауқымды ақпаратқа қол жеткізу арқылы жеке тұлғаның дүниетанымын кеңейтіп, өзін-өзі жүзеге асыруға мол мүмкіндіктер беріледі. Бұл үздіксіз ақпараттар ағыны қарқыны өз кезегінде әлеуметтік орта мен жеке адамдардың өмірін жаппай цифрландыру жағдайына әкеліп отыр (Сардарова, 2008), [3].

Заманауи әлемдегі цифрлық технологиялардың басты құндылығы – бұл тек құрал ғана емес, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктерге ие интеллект ортасы болуы: кез келген ыңғайлы уақытта оқыту, үздіксіз білім беру, жеке білім беру маршрутты жобалау, кез келген пайдаланушының электрондық ресурстарын тұтынушыдан оны жасақтаушыға айналуы.

Цифрлық білім беру ресурстары – компьютерді қолдану арқылы жүзеге асатын өнім. Цифрлық білім беру ресурстары деп қазіргі заманғы білім берудің мақсаттарымен міндеттерін іске асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыкалық, бейне, фото және басқа да ақпаратты қамтитын ақпараттық дереккөздер түсініледі. Күнделікті практика көрсетіп отырғандай, олардың басты құндылығы – бүгінгі цифрлық қоғам сұранысына сәйкесті педагогтерге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарына сапалы деңгейде өзгеріс енгізуге мүмкіндік беруі. Осыған орай, біз бүгінгі ақпараттандырудан цифрландыруға өту кезеңінде білім беруді цифрландыруды жүзеге асыру процесінің тиімді құралы – цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) деп нақты айта аламыз. Сол себепті де цифрлық білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдана алу, болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру – бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті мәселе.

Зерттеу мәселесі теориялық (философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-теориялық еңбектерді талдау, салыстыру, жүйелеу, үлгілеу, қорытындылау); эмпирикалық (оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, сұхбаттасу, сауалнама алу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар); статистикалық (тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу және талдау) әдістері, цифрлық білім беру ресурстары туралы таным сауалнамасы; өзін дамыту қажеттіліктерін жүзеге асыру және өзін-өзі кәсіби-педагогикалық дамытуға парциалды дайындығы диагностикалары қолданылды.

Бүгінгі күні еліміздегі білім беруді цифрландырудың басты мақсаты – заманауи озық ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құру арқылы ұлттық білім беру сапасын арттыру. Ол өз кезегінде педагогтердің біліктіліктері мен дайындық деңгейіне жаңа талаптар қоя отырып, олардың кәсіби қызметіндегі нақты қайта

құруларды қажет етеді. Өйткені қазіргі қоғам үшін кәсіби қызметіне функционалды дайындығы ғана емес, сонымен қатар тез өзгермелі қоғам жағдайына тез бейімделе алатын шығармашыл, құзыретті маман қажеттігінің басымдылығы артуда.

Отандық ғалымдар елімізде цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасап, Қазақстан 4.0 индустриясын дамытуда перспективалы ел болуға толық мүмкіндік бар деп тұжырымдайды. Оны белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беруді цифрландыру қажеттігін баса көрсетеді, өйткені бұл процестің білім беру сапасына әсері білім алушыларға әлеммен, әсіресе заманауи технологиялармен нақты танысуға мүмкіндік беретіндігімен дәлелдейді (Сарсенбаева, 2021), [4]. Біз де ресейлік және отандық ғалымдардың тұжырымдарына қосыла отырып, цифрландыру, оның ішінде білім беруді цифрландыру бүгінгі төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге және цифрлық экономиканы қалыптастыруға бағытталған оңтайлы да перспективалы қадам деп айта аламыз (Буданцев, 2020) [5].

Тарихына үңілсек, «цифрландыру» терминінің өзі ақпараттық-коммуникациялық техно-логиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Давоссе Клаус Шваб, 1960-1980 жылдардағы алғашқы цифрлық революцияны «өнеркәсіптік» деп атады, оның катализаторы жартылай өткізгіш ЭЕМ, 60-70 жылдары – дербес компьютерлерді, 90 жылдары – интернет желісін дамыту болды деген пікірді ұстанады. Сонымен қатар автор төртінші өнеркәсіптік революцияға ауысу басталатындығын және ол мобильді ғаламтор желісі мен жасанды интеллектінің дамуына байланысты цифрлық технологияның кең ауқымына негізделетінін алдын ала пайымдаған еді (Никулина, 2018) [6].

Заманауи цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі құбылыстарға дербес компьютер мен сандық құрылғылардың барлық түрлері жатады: ғаламтор, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шындық жүйелері, дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, сандық теледидар және т.б.), компьютерлік ойындар, технологиялық өнер туындылары. Аталған үрдістер толықтай ғаламтор желісінде болып, дәстүрлі қабылдау үшін жиі теріс қабылданатын екіұшты тенденцияларды тудырады. Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр (Галкин, 2013) [7].

Ресей ғалымдарының тұжырымдауынша, қазіргі цифрлық білімі орта үш негізгі жағдайларға негізделеді, біріншіден, бүкіл әлем цифрлық форматқа көшуде және соған сәйкесті білім беру үдерісі артта қалмауы тиіс; екіншіден, білім беруді цифрландыру жекелек білім траекториясын таңдауға мүмкіндік беріп, өз біліміне деген жауапкершілікті арттырады; үшіншіден, білім берудің тұтас цифрлық жүйесі барлық ел азаматтарына сапалы және тым жаңа білім алуға тең қолжетімділік бере алады (Тавадян, 2019) [8].

Жалпы цифрлық білім беру ресурстары ұғымы қарапайым «қағаз» ақпарат көздері (кітаптар, журналдар, газеттер, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) ұғымынан және электронды бұқаралық ақпарат құралдарының (радио және теледидар сияқты) көмегімен таратылатын мазмұнды материалдан, сондай-ақ, соңғы отыз жыл ішінде айтарлықтай өзгерген дәстүрлі педагогикалық бағдарламалық құрал ұғымынан туындайды. Қазіргі таңда сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданбай елестету мүмкін емес, сондықтан мұғалім ақпараттық технологияны толық меңгеріп, ғаламторда еркін жұмыс істей білуі тиіс. Мұнда педагог білім беріп қана қоймай, білім алушыларды өз бетімен білімді толықтыру көздерін табуға, өзін-өзі жүзеге асыра білуге бағыттау қызметін атқарады. Осыған байланысты, ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, білім беру жүйесін жаңаша құруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық техно-логиялар негізінде құрылған оқытудың жаңа моделіне сәйкесті құрылған тұтас педагогикалық үдерісті талап ететіндігін ескеру қажет.

Тәжірибе дәлелдеп отырғандай, цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері кең және олардың көпфункционалды рөлі келесі мазмұнда сипатталады (Кубрушко, 2019) [9].

- оқытудағы көрнекіліктің жедел құралы ретінде;

- білім алушылардың практикалық машық- тарын пысықтауда көмекші құрал;
- білім алушыларға сауалнама жүргізу және бақылау, сондай-ақ, үй тапсырмаларын бақылау және бағалау құралы;
- схемалармен, кестелермен, графиктермен, шартты белгілермен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- білім алушылардың шығармашылық жұ- мыстарындағы мәтіндерді редакциялау және қателерді түзету құралы.

Электронды білім беру ресурстары оқыту құралы ретінде дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда олардың артықшылықтарын анықтайтын бірқатар басымдылықтарға ие, олар:

1. Мультимедиа құралдары. Ақпаратты ұсы- нуда бірнеше құралдарды бір уақытта қолдану: графика, мәтін, бейне, фотосурет, анимация, дыбыстық эффектілер, жоғары сапалы дыбыстық сүйемелдеу.

Интерактивтілік. Электронды білім беру ресурстарындағы интерактивтілік жиын элемент- терінен бірнеше таңдау арқылы қамтамасыз етіледі; пернетақтадан мәтін енгізу, содан кейін қателерді талдау және жүйелеу; жаңа ақпараттық объектілерді аудиовизуалды түрде ұсына оты- рып, композицияның интерактивті мульти- медиа элементтерін белсендіру; белгілі бір жүйені ұйымдастыру мақсатында объектілерді байланыс арқылы біріктіру. Электронды білім беру ресурстарының бұл мүмкіндіктері білім алушының өзіне ыңғайлы қарқынмен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және олардың таным- дық іс-әрекетінің жеке қабылдауын, даралық ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі.

1. Қолжетімділік. Электронды білім беру ресурстарының қолжетімділігі оларды ыңғайлы уақытта және кез келген қолданушымен әлеу- меттік медиа қарым-қатынаста болуын қам- тамасыз етуі. ЭБР мазмұнындағы қолжетімділік ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, әсіресе, үй жағдайында оқытылатын білім алушылар үшін өте маңызды. Бұл МЖМБС ережесін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, соған сәйкес әр оқушыға (дарынды балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда) түрлі ұйымдастыру формалары мен жеке ерекшеліктерін ескеру қамтамасыз етілуі тиіс (Рахматуллина, 2020) [10]

2. Жан-жақтылығы. Әмбебаптылық – бұл электронды білім беру ресурстар сапасы оқу пәні бойынша нақты оқу-әдістемелік кешенге қатаң байланысты емес және кез келген оқу-әдістемелік кешен сабақтарына енгізілуі мүмкін материал бойынша білім, білік, дағды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда кез келген электрон- ды білім беру ресурстарын қолдану негізінде оқу процесін құруда белгілі бір оқулықта неме- се оқу пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенде жүзеге асырылатын тұжырымдаманың негізгі ережелерін ескеру, яғни авторлардың жетекші идеяларына қайшы келмейтін электронды білім беру ресурстарын таңдай отырып, соның негізінде білім алушылардың іс-әрекетін құру басшылыққа алынуы қажет.

3. Вариативтілік. Вариативтілік деп оқу мазмұнының бір фрагментін әр түрлі оқу-әдістемелік кешендерге (ОӘК) және оқу бағдарламаларына бағдарлай отырып ұсыну түсініледі және ерекшеленеді: қазіргі заманғы жағдайларда ерек- ше өзекті; мазмұн элементтерін енгізудің әр түрлі тәсілдері; енгізілетін бекітулердің негіздеделерін нақтылаудың әр түрлі тәсілдері мен дәрежесі және т.б.; күрделіліктің әр түрлі деңгейлері; оқушылардың ақпаратты қабылдауының түрлі әдістері, бұл білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін «дәл» рет- теуге, оқушылардың әр түрлі санаттары үшін мазмұнды игерудің жеке траекторияларын құруға мүмкіндік береді (Мошқалов, 2012) [11].

Біздің пікірімізше, ЦБР басты артықшылықтары – бұл мұғалімге ауқымды мазмұнда көмек беруі, яғни мультимедиялық проектор арқылы сандық нысандарды көрнекі түрде көрсетуі; білім алушылардың сандық білім беру ресурстарымен жұмысының жекелік, зерттеушілік, сондай-ақ, шығармашылық сипат- та болуын ұйымдастыруы; оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыруы; энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпарат алу мүмкіндігі.

Әдебиеттерге шолу негізінде келесі тұжырым жасай аламыз:

*Цифрлық білім беру ресурстары дегеніміз* – компьютердің орасан зор мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу мәселелерін шешуге бағытталған толық интерактивті мульти-медиялық өнім.

*Болашақ педагогтың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға дайындығы* деп сандық технологиялардың мүмкіндіктерін негізге ала отырып, цифрлық білім беру ресурстарын кәсіби қызметтегі көп қырлы оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттары мен қызметтерін тиімді жүзеге асыруын сипаттайтын қабілет, дағдылар жиынтығын түсінеміз.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы 2017-2019 жылдар аралығында Атырау университеті базасында «Педагогика және психология» ма-мандығының 3 курс студенттерімен ұйымдас-тырылды. Жүргізілген тәжірибелік жұмыс үш кезеңге сәйкес жүргізіліп, оған барлығы 82 студент қатыстырылды, мұнда 40 студент – бақы-ланушы топ және 42 студент –эксперименттік топ.

Анықтау эксперименті кезінде басты мін-деттердің бірі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болашақ мұғалімдердің даярлығының нақты жағдайын анықтау бол-ды. Соған сәйкесті келесі әдістемелер таңдап алынды: бақылау, әңгімелесу, «цифрлық білім беру ресурстары туралы таным» сауалнамасы (авторлық өңдеуде); Н.П. Фетискиннің «Өзін-өзі кәсіби дамытуға қажеттіліктерді жүзеге асыру диагностикасы» (Фетискин, 2002) [12], Н.Р. Молочниковтың «Өзін-өзі дамыту мүмкін-діктерін бағалау» (Молочников, 2002) [13].

Ең алдымен, біз бүгінгі ақпараттандырудан цифрландыруға өту кезеңінде білім беруді цифрландыруды жүзеге асырдың тиімді құралы – цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) деп айта аламыз. Сонымен қатар, зерттеліп отырған про-блема бойынша әдебиетті талдау, білім беруде цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың әлемдік тәжірибесіне және күнделікті практи-ка ЦББР көмегімен төмендегі педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуге болатындығын көр-сетеді:

- цифрлық технологияларды кеңінен қолдану нәтижесінде білім беру жүйесі жұмысын же-тілдіру (оқу-тәрбие үдерісі тиімділігі мен сапасын арттыру; пәнаралық байланыстар-ды кеңейту; қажетті ақпаратты іздеу жұмысы тиімділігін және көлемін кеңейту; танымдық іс-әрекет белсенділігін арттыру);

- ЦББР – болжамды нәтижені алу құралы, атап айтқанда, білім алушыларға жоғары нәтиже беретін білім беру процесінің икемділігін және болашақ жұмыс берушілерге жоғары кәсіби мобильді мамандар дайындауды қамтамасыз етуі;

- цифрлық ресурстар дәстүрлі оқытудағы кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді: бағдар-ламаларды игеру қарқыны, педагогты, оқыту ны-сандары мен әдістерді таңдау;

- білім алушының тұлғасын дамыту; ақпараттық қоғам жағдайындағы тез өзгермелі өмірге дайындауы. Педагог цифрландыру жағ-дайында заманауи сапалы білім алудың қажетті траекториясын құруға көмектесетін навигатор болып табылады.

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ре-сурстарын пайдалану даярлығын сапалы түрде жүзеге асыру, біздің пікірімізше, келесі жұмыс түрлерінің орын алуын талап етеді:

- қазіргі цифрлы Қазақстан жағдайында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалып-тастыру бүгінгі күн сұранысы екендігін ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану;

- цифрлық білім беру ресурстарының орасан зор мүмкіндіктерін меңгеру мақсатында жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне ЖОО-да цифрлық білім беру ресурстарын қолдану теориясы мен практикасын меңгеруге көмектесетін арнайы элективті курстар енгізу;

- ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға арналған қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, оқулықтар, оқу құралдарын шығару жұмыстарын жандандыру;

- білім беру жүйесінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың шетелдік, отандық тәжірибесі бойынша пікір алысу, тәжірибе жи-нақтау мақсатындағы вебинар, онлайн-



дәрістер, ғылыми-тәжірибелік семинарлар кеңінен ұйым- дастыру.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2017.
2. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. [tengrinews.kz/kazakhstan\\_news](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news)
3. Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008 жыл. – Б. 341.
4. Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан // Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – №01 (54).
5. Буданцев Д.В. Цифровизация в сфере образования: обзор российских научных публикации // Молодой ученый. – 2020. – № 8. – С. 120-127.
6. Никулина Т.В., Стариченко Е.Б. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107-113.
7. Галкин, Д.В. От кибернетических автоматов к искусственной жизни: теоретические и историко-культурные аспекты формирования цифровой культуры [Текст]: автореф. дис. ... д-ра философ. наук / Д.В. Галкин. – Томск, 2013. – 51 с.
8. Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С. 137.
9. Кубрушко П.Ф., Назарова Л.И., Симан А.А. Подготовка преподавателей к инновационной педагогической деятельности в условиях цифровизации аграрного образования // Вестник ФГОУ ВПО МГАУ им. В.П. Горячкина. – 2019. – № 5 (93). – С. 40.
10. Рахматуллина Э.Д. Использование информационных технологий в инклюзивном образовании // Образование и воспитание. – 2020. – №3. – С. 82-84.
11. Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық-практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.
12. Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп: учебное пособие. – М.: Изд-во «Институт психотерапии», 2002. – С. 339.
13. Вукович Г.Г., Молочников Н.Р., Трунин С.Н. Управление человеческими ресурсами. – Краснодар: Кубанский гос. ун-т, 2011. – С. 129.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-82-88

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МОЛДАХМЕТОВА УЛЖАН ОТАРБАЕВНА

Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысы негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың ерекшеліктері қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқын дамыту, патриоттық сезімін қалыптастыруда тәрбие жұмысының педагогикалық әдістерінің маңыздылығы қарастырылған. Сонымен қатар, отбасымен және мектеппен бірлесіп жүзеге асырылатын шаралар арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеудің тиімді жолдары ұсынылған. Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларында ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыруға бағытталған әдістердің рөлін атап көрсетеді. Мақалада ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы және қызметтік тәсілдері сипатталған.

**Кілтсөздер:** ұлттық құндылықтар, тәрбие жұмысы, бастауыш сынып, патриоттық тәрбие, мәдениет, аксиологиялық көзқарас, тұлғалық бағдар.

**Annotation:** This article examines the characteristics of fostering national values among primary school students through educational activities. The significance of pedagogical methods in shaping students' national consciousness, behavior, and patriotic feelings is analyzed. Additionally, the article proposes effective approaches for promoting national values through collaborative efforts between families and schools. The findings highlight the role of methods aimed at increasing interest in national culture among primary school students. The article describes axiological, personality-oriented, and activity-based approaches to forming national values.

**Keywords:** national values, educational work, primary school, patriotic education, culture, axiological perspective, personality-oriented approach.

### Ұлттық құндылықтардың маңызы

"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы аясында ұлттық құндылықтарды нығайту қоғамның рухани негізі ретінде қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық мәдениетке, әдет-ғұрыптарға, тіліне деген құрметін тәрбиелеу тұлғаның патриоттық сезімінің негізі ретінде қызмет атқарады. Ұлттық құндылықтар адамның өмірлік басымдықтарын анықтайды, оның рухани дамуының тірегі болып табылады [65].

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды сіңіру процесі олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түріндегі іс-шаралар, шығармашылық тапсырмалар, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай тәрбиелік шаралар оқушылардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырады, оларды өзін-өзі тануға және отанына деген сүйіспеншілік сезімін дамытуға ынталандырады.

Ш.Амонашвили төменгі сынып оқушыларының психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін: «дүниені диалектика заңдылығына сай түсінудің генетикалық алғашқы пайым жасауға талпынуы», - деп түсіндіреді[66]. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан, жеке «тұлғаның дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Психологтар «құндылық» ұғымымен қоғамдағы әлеуметтік тарихи мағыналарды және шындықтың белгілі құбылыстарының жеке адамдарға қатысты жеке мәнін сипаттайды. Құндылық психологиялық феномен ретінде әртүрлі психологиялық компоненттерді белгілі

жүйеге байланыстырады. Құндылықты психологиялық табиғатын қажеттіліктер, қызығушылықтар, мотивтер және жеке тұлғаның бағыттылығы аралығындағы байланыс пен қатынас тұрғысында қарастырған жөн [67]. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың неге қызығатынын, не қажет екенін, ол үшін не істеу керектігін айқындаудың арақатынасын ажыратқанда ғана ол өзіндік «Мен-ін» қалыптастыра алады, - деп есептейміз.

Д.А. Леонтьев атап өткендей, құндылық бағдардың жеке иерархиясы жақсы шекараланған «блоктардың» бірізділігін көрсетеді. Ол әр түрлі негіздер бойынша блоктарға біріктірілген және өзінше полярлық құндылықтар жүйесін білдіретін құндылықтарды топтастыруды келтіреді. Атап айтқанда, терминалды құндылықтардың ішінде бір-біріне мыналар қарама-қарсы қойылады:

1. Нақтылы өмірлік құндылықтар (денсаулық, жұмыс, достар, отбасы өмірі) – абстрактілі құндылықтар (таным, даму, еркіндік, шығармашылық).

2. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары (қызықты жұмыс, табысты өмір, шығармашылық, белсенді өмір) – жеке өмір құндылықтары (денсаулық, махаббат, достардың болуы, ойын-сауық, отбасы өмірі).

3. Жеке құндылықтар (денсаулық, шығармашылық, еркіндік, белсенді өмір, ойын-сауық, өзіне деген сенімділік, материалды ауқатты өмір) – өзара тұлғалық қарым-қатынастар құндылықтар (достардың болуы, бақытты отбасы өмірі, басқалардың бақыты).

4. Белсенді құндылықтар (еркіндік, белсенді өмір, табысты өмір, қызықты жұмыс) – пассивті құндылықтар (табиғат пен өнердің әсемдігі, өзіне деген сенімділік, таным, өмірлік даналық).

Негізгі құндылықтардың ішінен Д.А. Леонтьев мыналарды атап көрсетеді:

1. **Этикалық құндылықтар** (адалдық, жетіспеушіліктерге төзбеушілік) – өзара тұлғалық қарым-қатынастар құндылықтары (тәрбиелік, өмірге қуанушылық, қайырымдылық) – кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары (жауапкершілік, істердегі тиімділік, тұрақты ерік, орындаушылық).

2. **Дара құндылықтар** (биік сұраныстар, тәуелсіздік, тұрақты ерік) – конформды құндылықтар (орындаушылық, өзін-өзі бақылау, жауапкершілік) – альтуристік құндылықтар (шыдамдылық, қайырымдылық, көзқарастардың кеңдігі).

3. **Өзін-өзі бекіту құндылықтары** (биік сұраныстар, тәуелсіздік, төзбеушілік, батылдық, тұрақты ерік) – басқаларды қабылдау құндылықтары (шыдамдылық, қайырымдылық, көзқарастардың кеңдігі).

4. **Интеллектуалды құндылықтар** (білімділік, ақыл-парасаттылық, өзін-өзі бақылау) – дүниені тікелей-эмоционалды сезіну құндылықтары (өмірге қуанушылық, адалдық, қайырымдылық) [68].

В.Франкл адам өмірінің мәні мен мағынасының биіктігіне айналған құндылық туралы: «біз өзімізді ұмыта, біздің өмірімізге енген талап-міндеттер әлеміне өзімізді құрбан ете отырып, ішкі талабымыздан да жоғары, бізден тыс әлемдік заттарға сай талап-тілектерді орындап, өзімізді сол деңгейде көрсеткіміз, жүзеге асырғымыз келеді», - деген тұжырым жасаған [69]. В.Франкл айтқандай өмір мәнін адам жаны ұмтылатын рухани деп түсіндіреді. Өмірдің мәнін түсіну әр түрлі жас кезеңінде және әртүрлі жағдайда пайда болуы мүмкін, сондықтан адам өз тіршілігіне өзі мән беруі тиіс, әйтпесе оған сырттан келер көмек жоқ. Өмірдің мәні жазылып, құрастырыла салмайды, ол өмір бойы жинақталады. Өмір мәнін іздестіру адам үшін табиғи құбылыс болып саналады.

Адам өмірінің мәні жоғары құндылық жүйесін түзеді:

1. Тәжірибеден, ақыл-санадан тыс құндылық. Оған жаратушы ием туралы әлем дүниесіндегі абсолютті ұстанымдар, моральді абсолют жүйесі енеді. Бұл құндылықтар адамды өлім туралы ойлауға, оған мән беруге әкеледі. Олар идеологиялық жүйені біріктіреді, құрайды, қоғамды біріктіреді, адамның тіршілігіне әсері бар.

2. Әлеуметтік – мәдени құндылықтар: саяси мұраттар, мемлекет мәдениеті, мемлекет

тарихы, мемлекеттік шекара; дәстүрлер, аймақ, т.б. қасиеттері бар адамды тапқандай болады. Бұдан шығатын түйін автор адам өмірінің мәнін бір жағынан тұлғаның тылсым дүниемен қатынасы, ойлауы, тіршілік көзі болса, екінші жағынан мемлекет деңгейіндегі құндылықтар өлшемі болып табылатынын ескерткен.

### **Тәрбие жұмысының бағыттары**

Бастауыш сыныптарда тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру үш негізгі бағытта жүзеге асырылады:

1. Мұғалімнің оқушыға тікелей әсері: Оқушының қызығушылығы мен қажеттіліктерін зерттеу, жеке даму жоспарын құру. Сондай-ақ, тәрбиелік әңгімелер мен әдет-ғұрыптарды талқылау арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыру.

2. Білім беру ортасын қалыптастыру: Ұжымдық рух пен әлеуметтік орта құру, өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту. Бұл ретте мектепте ұлттық мәдени шараларды өткізу және балалардың өз шығармашылықтарын көрсетуі маңызды.

3. Отбасы мен мектеп арасындағы байланыс: Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, тәрбиелік ықпалды күшейту. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін отбасылық жобалар мен мерекелік шараларға ата-аналарды белсенді қатыстыру.

Кесте 2 – Тәрбие жұмысы функциясының үш тобы

Топ функциялары	Функциялардың сипаттамасы
<i>бірінші</i>	Мұғалімнің оқушыға <b>тікелей әсері</b>
<i>екінші</i>	<b>Тәрбие беру ортасымен</b> байланыс
<i>үшінші</i>	Оқу үдерісінде өзара әрекеттесетін <b>субъектілердің әсер ету</b> тәртібін белгілеу.

Мұғалімнің тәрбиелік жұмысында басты орынды ұйымдастыру қызметі атқарады, онда ол тиісті функциялардың толық кешенін жүзеге асырады (мақсаттарды қою, жоспарлау, үйлестіру, тиімділікті талдау және т.б.).

Ұлттық бірліктің басты қағидасы ретінде ұлт рухын нығайтып дамыту біріктіруші және нығайтушы негіздер ретінде белгіленді. Рухани негіз – ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күш. Халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы да жоғары. Бұл тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы тетігі. Дәп ұлт рухы кез келген ел келбетінің қайталанбас қасиетін айқындайды, бағытын анықтап, дамуына екпін береді. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін: дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару, жарысу және жеңіске жету рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс.

Қазіргі мектептің жалпы даму тенденциялары, тәрбие жүйесінің болуы, әр мектептегі тәрбие жұмысының атқаруда түрлі әлеуметтік институттардың өзара қызмет бөлісіп алуын, тәрбиешілер қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеріске ұшырауын, олардың функцияларын байыта қарауды талап етеді. Осы мәселені іске асыру үшін елімізде тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері айқындалып, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативтік құжат ретінде бекітілді. Бұл бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыруға негіз болатын тәрбие жұмысын жүйелі жүргізудің тиімділігін арттырады сөзсіз.

Сонымен, тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру тұлғаның табиғи жаратылысы мен арнайы ұйымдастырылған тәрбие үдерісінің негізінде тұлғаның ұлттық санасын, сезімін, мінез-құлқын дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі, жоспарлы жүргізілетін жұмыстың нәтижесі болып табылады. Ұлттық құндылыққа қызығушылықты қалыптастыру үдерісі бастауыш сынып оқушысының тұлғасына оның жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мақсатты түрде педагогикалық

ықпал көрсету жүйесінен тұрады.

Дегенмен, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы отбасының ықпалы, оның тиімділігін арттыруда мектептің ынтымақтастығы мәселелеріне аз көңіл бөлініп отыр. Жоғарыда аталған ғалым-педагогтар зерттеуіне сүйене отырып, біз гумандық қасиетке адамзат бойындағы ізгі ниетті барлық ұнамды құлықтардың жататынын анықтадық. Ол адамның ойы, көзқарасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы арқылы көрініс береді.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру келесі әдіснамалық тәсілдерге негізделеді:

–Аксиологиялық көзқарас: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бірлігі арқылы оқушылардың моральдық қасиеттерін дамыту.

–Тұлғалық-бағдарлы көзқарас: Тұлғаның өзін-өзі тануы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

–Қызметтік көзқарас: Баланың әрекетін ұлттық мұралар, қолөнер және ұлттық ойындар арқылы ұйымдастыру.

–Құзыреттілік көзқарас: Тәрбие мақсаттарын анықтау, оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру және әлеуметтенуді қамтамасыз ету.

–Әлеуметтік көзқарас: Әлеуметтік шынайылықтың тұлғаға әсерін ескеру.

–Жүйелілік көзқарас: Педагогикалық процесті құрылымдық және иерархиялық жүйе ретінде қарастыру.

–Тұтастық көзқарас: Зияткерлік және рухани дамудың үйлесімділігі.

–Синергетикалық көзқарас: Тәрбиені түрлі ішкі және сыртқы ықпалдардың келісімді процесі ретінде қарау.

#### **Тәрбие принциптері:**

–Гуманистік бағыт – тәрбиеленушіні дербес субъект ретінде қабылдау.

–Жалпыадамзаттық құндылықтар – рухани дәстүрлер мен мәдениетке негізделу.

–Мәдени сәйкестілік – ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесімділік.

–Үздіксіздік – тұлғаның барлық кезеңінде жан-жақты даму.

–Табиғи сәйкестілік – оқушының жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру.

–Тұтастық – оқу мен оқудан тыс қызметтердің бірігуі.

–Этникалық принцип – ұлттық сана мен дәстүрлерді насихаттау.

Зерттеу тақырыбымызда тікелей басшылыққа алатын үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының негіздері мына бағыттарды іске асырады. Тәрбие тұжырымдамасының негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, патриотизм мен еңбексүйгіштікті, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, отбасылық тәрбие құндылықтары және оқу мен тәрбие үдерістерінің өзара байланысын нығайту арқылы тәрбиелік әлеуетті арттыруға бағытталған. Бұл бағытта сыныптың тәрбиелік жүйесін құру негізгі рөл атқарады, оның тиімділігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының жетекшілігімен мектептің барлық тәрбиелік қызметтерін біріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **Негізгі қағидалар мен тәсілдер:**

–Жүйелі амал – тәрбиелік үдерістің тұтастығын қамтамасыз етіп, оқушылардың белсенділігі мен көшбасшылық қабілетін дамытуға бағыттау.

–Әлеуметтік орта – сыныптың әлеуметтенуін күшейту, ұжымдық тәрбие арқылы оқушылардың оқшаулануына жол бермеу.

–Дәстүрлерді қалыптастыру – тәрбиелік жүйеде тұрақтылықты сақтау, әр оқушының ерекшелігін дамытуға бағытталған тапсырмаларды ұйымдастыру.

–Шығармашылық пен ынтымақтастық – оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты дамыту, олардың өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасау.

#### **Тәрбиелік жүйенің басқару функциялары:**

–Тәрбиелік әрекетті диагностикалау және жоспарлау;

–Мектеп, отбасы және қоғамның ынтымақтастығын ұйымдастыру;

–Ересектер мен балалар арасында гуманистік қарым-қатынасты нығайту.

#### **Тәрбиелік жүйенің құрылымы:**

- Мақсаттар мен идеялар жиынтығы;
- Тәрбиелік әрекеттер және олардың ұйымдастырушысы;
- Әлеуметтік және педагогикалық орта арқылы қарым-қатынас;
- Басқару және дамыту жүйелері.

Кез келген сыныптың тәрбиелік жүйесі динамикалық сипатқа ие және өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жүйенің тиімділігі ата-аналар, педагогтар және оқушылар арасындағы тығыз байланысқа негізделеді.

#### **Практикалық ұсыныстар**

Мектептегі тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін:

- Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастыру (апталықтар, мерекелер).
- Бұл іс-шараларға ұлттық киімдер көрмесін, музыкалық және әдеби кештерді енгізу.
- Оқушылардың белсенділігін арттыратын шығармашылық жобалар жүргізу. Мысалы, ұлттық аспаптарда ойнау шеберлігін үйрету немесе ұлттық тағам дайындау жарыстарын өткізу.
  - Ата-аналарды тәрбиелік процестерге тарту. Ата-аналармен бірлескен ұлттық мәдени шаралар ұйымдастырып, балалардың үйде ұлттық салт-дәстүрлермен танысуын қамтамасыз ету.

#### **Қосымша әдістер**

Ұлттық құндылықтарды тереңірек меңгерту үшін мұғалімдерге интерактивті әдістерді қолдану ұсынылады. Мысалы, қазақ халқының ертегілері мен аңыздарын сахналау, тарихи тұлғалар туралы пікірталастар ұйымдастыру, ұлттық мұраларды зерттеу бойынша жобалар әзірлеу. Бұл әдістер оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады және олардың танымдық қабілеттерін дамытады.

Тәрбие жұмысы – бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған ересектер мен балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруға бағытталған мақсатты іс-әрекет. Қазіргі мектептің жалпы даму тенденциялары, тәрбие жүйесінің болуы, әр мектептегі тәрбие жұмысының атқаруда түрлі әлеуметтік институттардың өзара қызмет бөлісіп алуын, сынып жетекшілері қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеріске ұшырауын, олардың функцияларын байыта қарауды талап етеді.

Е.В.Бондаревскаяның тәрбие тұжырымдамасы бойынша келесі логикалық жүйесілікті сақтау керек. Олар:

- қазіргі әлеуметтік-педагогикалық жағдаяттарға талдау жасау;
- қазіргі тәрбие мақсаты, міндеттері мен қызметіне сыни талдау жасау;
- тәрбие мазмұнының базалық компонентін анықтау;
- тәрбие технологиялары мен әдістерін негіздеу;
- оқушы тәрбиелілігінің критерийлерін айқындау [71].


Автордың тұжырымдамасында көрсетілген жүйелілікті біздің елімізде қабылданған және біз басшылыққа алатын тәрбие тұжырымдамасы тұрғысынан талдасақ, толығымен сақталғанын көреміз.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – оқушының қоршаған ортадағы әлеуметтік-мәдени құндылықтарды меңгеруі, өзін-өзі дамытуы және қоғамда өз орнын табуы арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс тәрбиелік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру арқылы күшейеді.

#### **Негізгі бағыттар:**

1. Тілге сүйіспеншілік – ана тілін білу, еркін сөйлеу, жазу және ұлттық әдеби шығармаларды түсіне білу.
2. Туған жерге сүйіспеншілік – табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті дамыту.
3. Туған елге сүйіспеншілік – ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдениетті қастерлеу, азаматтық сана қалыптастыру.
4. Отбасы құндылықтары – ата-анаға құрмет, сыйластық қарым-қатынас.

5. Халықтар достығы – өзге ұлттардың мәдениетін түсіну және құрметтеу.  
1.



Сурет 1. – Тәрбие жұмысында бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру бағыттары

#### **Тәрбиелік жұмыстың ерекшеліктері:**

- Ұлттық құндылықтарды меңгерту үшін оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту;
- Ойындар, өнер, музыка, әдеби шығармалар арқылы ұлттық сезімдерін қалыптастыру;
- Жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескеру, дербестікке тәрбиелеу.

#### **Қолданылатын әдістер мен технологиялар:**

- Тәрбие сағаттары, сахналық қойылымдар ұйымдастыру;
- Ана тіліне арналған пән апталықтары;
- Отбасы қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша шығармашылық жұмыстар;
- Ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастыру.

#### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру бойынша педагогикалық және психологиялық негіздерге сүйене отырып, тәрбиелік жұмыстың жүйелі, мақсатты және жоспарлы түрде жүргізілуінің маңыздылығы көрсетілді.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру оқушылардың қоршаған ортаға, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, ұлттық сана-сезімін және мінез-құлық қасиеттерін дамытуды қамтиды. Бұл үшін тәрбие жұмыстарының мазмұнында ұлттық дәстүрлер, ана тілі, салт-дәстүрлер және отбасы құндылықтарын қамтитын тақырыптарды енгізу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, түрлі әдістер мен технологияларды қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар, оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын үйлестіру арқылы олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету керектігі баса көрсетілген. Тәрбиелік процестің тиімділігі мектеп пен отбасының бірлескен іс-әрекетімен, сондай-ақ қоғамның белсенді қатысуымен артатыны айқындалады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтмұхамбетова, Б. Б.(2013). «Қазақстанның рухани құндылықтары мен ұлттық тәрбие негіздері». : Алматы Рауан. 2.
2. Қайырбекова, Г. Ш. (2015). «Бастауш мектепте ұлттық тәрбие беру әдістері». : Алматы Білім. 2.
3. Ермакова, Ж. Т. (2014). «Ұлттық рухани құндылықтарды балаларға үйрету әдістемесі». : Алматы Білім.



DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-89-95

УДК: 373:14

## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ- МАЗМҰНДЫҚ ҮЛГІСІ

МОЛДАХМЕТОВА УЛЖАН ОТАРБАЕВНА

Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты

**Аңдатпа:** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік аспектілері қарастырылады. Авторлар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, тәрбиелік құндылықтарын дамытуға бағытталған тәрбие жұмысының мазмұнын, әдістерін және технологияларын талдайды. Зерттеу барысында мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттер негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың өлшемдері мен деңгейлері айқындалды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған тәрбие жұмысының мазмұндық-құрылымдық үлгісі ұсынылып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік әдістер арқылы дәлелденген.

**Кілт сөздер:** ұлттық құндылықтар, тәрбие жұмысы, бастауыш сынып, тәрбие технологиялары, мотивация, мазмұндық-құрылымдық үлгі.

**Abstract** This article examines the theoretical and practical aspects of forming national values among primary school students. The authors analyze the content, methods, and technologies of educational work aimed at developing students' cognitive interests and educational values. The study identifies the criteria and levels of forming national values based on motivational, substantive, and activity-based components. A content-structural model of educational work for primary school students is proposed, and its effectiveness is proven through practical and experimental methods.

**Keywords:** national values, educational work, primary school, educational technologies, motivation, content-structural model.

«Үлгі», «үлгілеу» ұғымы бірнеше мәндік мағынаға ие. Педагогикалық зерттеудің әдістерін талдауға арналған бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстарда үлгілеу ғылыми-танымдық әдіс ретінде қарастырылған. Қ.А.Штофф үлгіні «шындық өмірді терең түсіну мақсатында оны сыртқа шығару құралы ретінде» қабылдайды. Сонымен бірге үлгіні танымдық бақылау мен эксперименттен теорияға көшуде теориялық жалпылаудың әр түрлі формаларына қарай қозғалыс барысындағы «саты ретінде» қарастырады.

Үлгілеу – теориялық танымның негізгі категориясы, үдерістер мен құбылыстарды жанама түрде зерттеу әдісі.

Үлгілеу – таным объектілерін үлгінің көмегі арқылы зерттейтін әдіс болғандықтан, үлгі ретінде белгілер, символдар немесе нысаналар алынады. Әрбір үлгі нысананың қасиеті арқылы бейнеленеді, яғни құрылған үлгінің бөлшектерін зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Үлгі сөзі латын тілінен аударғанда өлшем, бейне, әдіс дегенді білдіреді.

Үлгілеу төмендегідей жағдайда қолданылады:

– сыртқы ортадағы заттар мен құбылыстардың өзара әсер ету ережесін және оның негізгі сипатын жүйелі зерттеу үшін;

– құрылымның әртүрлі түрін жалпылау және талдауды жобалау кезеңінде;

– жүйелі пайдалану кезеңінде.

Педагогика саласында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде зерттеу объектілеріне байланысты түрлі үлгілер жасалып, оқыту мен тәрбиелеудің компоненттері анықталған.

Шетел және Қазақстан ғылымында зерттеу мәселелеріне байланысты педагогикалық тұрғыдан үлгі ұғымына сипаттама берген ғалымдар: А.В.Барабанщиков, А.И.Бочкин, А.Г.Гейн, А.П.Сейтешов, Г.К.Нурғалиева, Н.Г.Хмель т.б. атауға болады.

Ғылыми түрде анығырақ айтсақ, үлгі дегеніміз - белгілі бір үдерісті немесе құбылысты біріншіден, басқаруға бағдарланған тұжырымдамалық құрал. Ал мұндағы алдын-ала болжау, бағдарлау қызметтері басқарудың мақсатынан туындайды. Гуманитарлық салада көбіне мағыналы үлгі қолданылады. Мағыналы үлгіні құруда субъектінің мінез-құлқы туралы жаңа ақпараттар алуға, талдаудың барлық әдістерін тиімді пайдалануда өзара байланыс пен заңдылықты анықтауға ықпал етеді.

Мағыналы үлгілеудің қызметтік белгісі бойынша олар: бейнелеу, түсіндіру, болжау болып бөлінеді. Бейнелеу үлгісі деп кез келген нысанды бейнелеп суреттеуді айтады.

Түсіндіру үлгісі деп деп сұрақтарға жауап беруге, мазмұнға сәйкес толық мағлұматты дәлелдей білуді айтады.

Болжау үлгісі субъектінің болашақтағы мінез-құлқын бейнелеуге арналған, яғни зерттелуші субъектіге ықпал ету қандай өзгерістерге әкелуі мүмкін деген сұрақтарға жауап береді.

Мағыналы үлгіні педагогикалық салада теориялық білім тұжырымдамасы негізінде құруға болады.

Философиялық сөздікте: үлгілеу (фр. modele-үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір нысанды басқа бір нысанның сипаттамасын қайта жаңғырту. Бұл үлгі деп аталады.

Педагогикалық сөздікте: (лат. Modulus - үлгі, өлшем) – нысан және оған қарым-қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема т.б.), - деп анықтама берілген.

Біз үлгіні қарастыруда нысан үдерістері мен үлгі арасындағы үйлесімділікті сақтауға назар аудардық. Сондықтан да үлгілеуге зерттеу проблемасының мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралын, әдістерін, технологиясын, ұйымдастыру формаларын өзара байланыста қарастыра отырып, эксперименттен өткізіп, талдау-жинақтау негізінде жүргізілу қажет деп түйіндейміз.

*Тұлғалық тұғыр.* Тұлғаны құндылық ретінде қабылдау. Тұлғалық тұғыр – педагогтың әрбір баламен және ұжыммен өзара әрекетіндегі көзқарасын анықтайтын базалық құндылық бағдары. Тұлғалық тұғыр тәрбиеленушіге өзін тұлға ретінде саналы ұғынуына көмек беруді, оның мүмкіндіктерін анықтауға, ашуға, өзіндік санасын қалыптастыруға, тұлғалық маңызды және қоғамдық қабылданған өзін-өзі анықтауды, өзін-өзі жүзеге асыруды және өзін-өзі бекітуді іске асыруға көмек беруді қамтиды. Ұжымдық тәрбиеде тұлғалық тұғыр тұлғаның ұжым алдындағы басымдылығын тануды, онда гуманистік өзара қатынастарды құруды білдіреді, соның нәтижесінде тәрбиеленушілер өздерін тұлға ретінде саналы ұғынады және басқа адамдарды тұлға ретінде көруге үйренеді.

*Іс-әрекеттік тұғыр.* Объектінің біртұтастығын және оның тетіктерін ашуға бағыттау. Алдына мақсат қоя білу, іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, баға беру. Тұлғаның өздігінен мақсат қоя білуі, іс-әрекетті жоспарлауы, орындауы, нәтижеге жете білуі. Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуына ықпал етіп, өзін өзі жүзеге асыруына жағдай туғызу.

*Мақсатты-жүйелілік тұғыр.* Ақиқатты жүйелілік тұрғыдан қабылдау. Ұлттық, қазақ, қазақстандық, жалпыадамзаттық патриоттық құндылықтар жүйесі тұрғысынан іске асыруға бағыттау. Тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін шығармашылық ойлау, шығармашылық қиял, шығармашылық қабілеттеріне мақсатты-жүйелі түрде ықпал ету арқылы дамыту.

*Әлеуметтік тұғыр.* Тұлға тәрбиесі – әлеуметтендіру үрдісі. Тұлғаның дамуына ықпал ететін әлеуметтік орта мен тәрбиелік кеңістікті орнықтыру. Әлеуметтік қарым-қатынас негізінде тұлғаның патриоттық құндылығын қалыптастыруға бағыттау. Тұлғаның әлеуметтік қатынастар жүйесіне түсуі. Әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның шығармашылық, іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау.

Тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру үшін пайдаланған тәрбие технологияларына тоқталайық. Тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту формаларының, әдістерінің, жолдарының, тәсілдерінің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Бұл дамыту, оқыту және тәрбие үдерістеріне ықпал ететін тәсілдердің бірі.

*Тұлғалық* - бағдарлы тәрбие технологиясының зерттейтіні оның мәні мен ондағы тәрбиелік қарым-қатынастар. Тәрбиелік қарым-қатынас орнату арқылы, тұлғаны дамытатын жағдаяттар, тұлғаның білімін, субъектілік тәжірибесін жетілдіру, өз дүниетанымын, өзіндік қолтаңбасын және өзіне тән тұлғалық қасиеттер қалыптастыру. Тәрбиенің нақты мәні – тұлғаны сомдаушы үдерісті ұйымдастыру. Тәрбиеге қамтылған субъектілік қалыптағы бірдей жағдайда тәрбиеленгенімен де, түрлі тәрбиелік үдерісті үйретеді, яғни тәрбиелік деңгейі әртүрлі болады. Тұлғалы бағдарлы технологияның мақсаты – тұлғаны дамытуда, әлеуметтік ортада өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруда кездесетін әртүрлі жағдайларда оң шешім таба білу.

Н.Е.Щуркова құндылық бағдарлы тәрбие технологиясын зерттеп, оны топта іске асырудың пайдасы зор екендігіне тоқталды: топтағы әр бала ойланып, әрекет етуге күш жұмсайды; топта қалыптасқан көңіл-күй ортасы баланың көңіл-күйіне әсер етеді.

- тәжірибесі, білімі, дағдысы, өз күшіне сенімсіздігі, тұлғалық қасиетінің толық жетілмеуінен туатын өз басына тән мәселені нақты білу;
- көңіл-күйін реттей білу, өмірлік келеңсіздіктен қажетті тұжырым жасай білу;
- өмірдің мәнін іздеу, түрлі өмірлік құндылықтарға өзінің қатынасын білдіру [70].

Тұлғалық бағдарлы тәрбие технологиясы оқушыны әлеуметтендіруді, оның тұлғалық қасиеті субъект деңгейінде дамытуды көздейді. Жан дүниені қозғалысқа түсіру – тұлғаның ішкі дүниесін дамытудың бірден-бір жолы. Осыған орай тұлғаның жан дүниесіне түрткі тудырып, оны дамытуды ұйымдастыру – педагогтың басты қызметіне айналуы шарт.

Тәрбие технологиясы ішіндегі оқушының білімге, оқуға, ғылымға, еңбекке деген ынта ықыласын қалыптастыруға *ойын технологиясы* негізгі орын алады. Ойын технологиясы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын, бір-бірлерін түсінудің психологиялық үдерісі, эмоциялары, ерік-жігерлік қасиеттері шындалады, мінез-құлқы айқындала түседі, белсенділігі артады, соның нәтижесінде тұлғалық қабілеті көрініс береді. Ойын ол тәрбие құралы. Қарым-қатынасқа түсу арқылы оқушының мінез-құлқындағы кемшіліктер, оның бойындағы өзіншілдік қасиеттер көрініс береді. Мұғалім тұлғаның бойындағы жағымсыз қасиеттерді жою мен болдырмаудың тәсілдерін пайдалана отырып, оның жағымды қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік алады.

*Іскерлік ойындар технологиясы* – заттық және әлеуметтік мазмұндағы кәсіби іс-әрекетті, белгілі бір тәжірибеге тән қарым-қатынаст модельдеу формасы. Ойын алықы адамының белгілі бір типті тәжірибелік әрекет жасауын ұйымдастыруға байланысты және қатысушылардың мақсатына орай, ойынның мынадай түрлері ажыратылады: оқу, зерттеу, басқау, аттестациялық.

Әлеуметтік тәрбие үшін іскерлік ойынның мынадай сипаттарын ескеруге болады:

- ойын арқылы шынайы өмірде қол жеткізе алмайтын мәселеге қол жеткізіп, сонан кейін оны шынайы өмірде қолдануға болады;
- ойын арқылы адам жаңа идеяны белгілі бір іс-әрекет, іс-қимыл арқылы жылдам игеруге ұмтылады;
- ойында қиял элементі болғандықтан, ол адамның жасырын қабілетін ашуға мүмкіндік береді;
- өзге адамның рөлін орныдау арқылы, сол адам үшін ненің маңызды екенін және оның жеке басына тән түрткісін түсінуіне көмектеседі.

Тәрбиеленуші іскерлік ойынның танымдық мазмұнымен танысу арқылы өзге қатысушылармен өзара әрекеттесуге, белгіленген нұсқаға бірігіп қызмет атқыруға және оны шешуге дайындалады, өз шешеімімен бірге, ортақ шешім қабылдауға дағдыланады. Түрлі

жағдаяттық мәселелер қатысушыларды бірігіп әрекет етуге, ортақ пікірге сай шешім қабылдауға жаттықтырады.

*Ұжымдық шығармашылық істер технологиясы.* Аталған технология оқушының бойындағы шығармашылық дамуды көздейтін заманауи технологияға жатады. Заманауи технологиялар қазіргі таңда кеңінен қолдану аясында. Қоғамның сұранысына байланысты сыни тұрғыда ойлау технологиясы, миға шабуыл технологиясы, интербелсенді әдістер, IP технологиясы т.б. тұлғаның шығармашылық дамуына ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді жинақтаған.

*Мультимедиялық технологияларда* тәрбие жұмысын іске асыруда негізгі орын алады. Қазіргі таңда мектептерде өте жиі қолданылатын технологиялардың бірі. Тәрбиелік іс-шараларда аудио технология, проектор, телевизор, магнитофон т.б. пайдалана отырып, оқушының танымдық деңгейін дамытуға ықпал етеді.

*SMART технологиясы* әлемдік деңгейде заманауи тұрғыда жаңашылдықпен іске асып отырған технологиялардың бірі. Тәрбие жұмысында көптеген іс-әрекеттер презентациялар, слайд шоу, дыбыстық жүйелерді пайдалана отырып, қашықтықта тапсырма беру, интербелсенді әдістерді пайдалану арқылы іске асады. Бұл технологияның ерекшелігі оқушы кез-келген уақытта электронды жүйе арқылы өзінің білім көздеріне қолжетімділігі арқылы білік, білім, дағдысын жетілдіре алады, білім қорының молаюына ықпал етеді. Заманауи байланыстарға SMART технологиясы кез келген шараларға байланысты материалды еркін пайдалана отырып, өте қызықты өткізуге жағдай туғызады.

Тәрбие жұмыстарында *кейс технологиясы* тәрбиелік іс-шараларда әр түрлі кездесетін жағдаяттардан, әртүрлі пікір таластар шығудың жолдарын анықтайтын, өз көзқарастарын, дағдыларын, дауды, пікір талас тудыра отырып, одан шығу жолдарын, жағдаяттарды шешуге негізделген сұрақтар мен тапсырмалардың жинағын қалыптастырады. Кейс (case) ағылшын тілінен аударғанда «жағдаят» деген мағынаны береді. Оқушының өмір сүру өзі де әр түрлі жағдаяттардың туындайтыны белгілі. Кейс технологиясын тәрбиелік іс – шараларда қолдануда жағдаяттардан мәселелердің шығудың жолдарын нақты айқындайтын әдіс-тәсілдерді, мәселелерді шешуде алгоритмдік реттілікті құра білуі керек.

Жаңашылдық үлгіде тәрбиелік шараларды іске асыруда *ақпараттық технологияның* негізі ғаламтор жүйесінде смартфондар мен компьютерлер арқылы Whatsarпты пайдалану өзекті болғанын көреміз. XXI ғасырдың басында бұл жүйені әлемнің 57 пайызы пайдаланып отыр. Адамның санасын қалыптастыруда ақпараттық жүйелер негізгі орын алатынын көріп отырмыз.

*Қарым-қатынас технологиясы.* Педагогикалық үдерісті жүзеге асыру үшін педагогикалық міндетті шешуді көздеу керек. Біріншіден, педагогикалық міндетті шешуге екі субъект (педагог пен тәрбиеленуші ) қатысады. Екіншіден, көзделген міндетті жүзеге асырумен бірге тәрбиеші өз ісіне сырт көзбен қарап, өз ісін бағалай білуі тиіс. Үшіншіден, педагогикалық міндет үнемі оқыту міндетінмен диалектикалық тұрғыдан тығыз байланысты болғандықтан, тәрбиеленушінің оқу міндетін шешумен байланысты. Педагогикалық міндет педагог басшылығымен, оқушының іс-әрекетін белсендірумен жүзеге асады.

Сонымен, біз үлгінің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға ықпал ететін, педагогикалық үдерістің мақсатын, мазмұнын, формасын, әдістері мен құралдарын және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз. Бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде құрылған үлгілер жетілдіріліп, толықтырылуда. Біз зерттеу тақырыбымыз бойынша тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың үлгісін құруда жоғарыда аталған ғалымдардың ұсынған компоненттерін негізге ала отырып, зерттеу тақырыбымызға байланысты компоненттермен толықтырдық.

Сонымен, зерттеу жұмысымызда қарастырылып отырған тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың үлгісін теориялық

және мазмұндық-құрылымдық негізде жасап, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

Ойша эксперимент әдісін қолданып және бірінші бөлімде анықталған ғылыми-теориялық ережелерге, ұстанымдарға сүйене отырып тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыруда негізінен үлгінің мазмұнын құру үшін төменде көрсетілген мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттері негізге алынды.

Мотивациялық – оқушыда тәрбие жұмысы аясында танымдық қызығушылық, қажеттілік, белсенділік тудырып ұлттық құндылығын қалыптастыратын тәрбиелік іс-шаралар арқылы ізденімпаздығы, талаптануы, ұмтылысымен сипатталады.

Мазмұндық – тәрбие жоспарының мазмұнын меңгертуде ұлттық құндылығын қалыптастыратын тәрбиелік іс-шараларды орындауда ізденімпаздықпен өздігінен тандап, сараптап игеріп, шеше біліп, ой қорытындысын жасай алуымен ерекшеленеді.

Іс-әрекеттік – тәрбие жоспарының мазмұнын іске асыруда ұлттық құндылығын қалыптастыратын тәрбиелік іс-шараларды орындауда жоғары деңгейде жаңа ойларды сараптау, қолдану, басқа жағдайға ауыстыруға дайын, ізденімпаз, ізденіс нәтижесін болжап, оған қол жеткізуде дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осы өлшемдердің негізінде тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың келесі деңгейлері (төмен, орта, жоғары) анықталады.

*Төмен деңгей:* тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығы қалыптаспаған, оның мән-мазмұнын түсінбейді, күнделікті тәжірибеде көріп білгендерін, бақылағандарын айтып бере алмайды және оған қызығушылық көрсетпейді. Өздігінен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған тапсырманы, тәрбиелік іс-шараны мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды.

*Орта деңгей:* тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығы толық қалыптаспаған мән-мазмұнын саналы түрде түсінбейді, қызығушылықпен қарастырады, күнделікті тәжірибеде көріп білгендерін, бақылағандарын айтып беруге талпынады. Өздігінен ізденуге талпынады, бірақ ой-қорытындысын шығаруға қиналады; ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған тапсырманы, тәрбиелік іс-шараны мұғалімнің көмегімен орындайды.

Кесте 3 – Тәрбие жұмысы негізінде оқушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыру деңгейлерінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Мотивациялық	Тәрбие жұмысы негізінде ұлттық құндылығын қалыптастыратын тәрбие жоспары мазмұнына	- тәрбие жоспары мазмұнына қажетті ұлттық құндылығын қалыптастыратын жаңа білімді меңгеру қажеттілігі; - тәрбие жоспары мазмұнына қажетті ұлттық құндылығын

3-кестенің жалғасы

	қажетті жаңа білімді ізденімпаздықпен игеру қажеттіліктері, қызығушылықтары, ынтасы мен белсенділіктері	қалыптастыратын тапсырмаларды орындауға қызығуы мен жаңа бастамаларды ойлауы; - тәрбие жоспары мазмұнына қажетті ұлттық құндылығын қалыптастыратын тапсырмаларды орындау ;
Мазмұндық	тәрбие жұмысы негізінде ұлттық құндылығын қалыптастыратын теориялық білімдерді игеруі, біліктілігі,	- тәрбие жоспары мазмұнына сай ұлттық құндылығын қалыптастыратын тапсырмаларды орындаудағы білімі; - тәрбие жоспары мазмұнына сай

	тәрбие жоспары мазмұнының жаңа идеялары, іс-әрекеттің мақсат, міндеттерін шешу	ұлттық құндылығын қалыптастыратын тапсырмаларды шешудегі жаңа бастамалар мен ізденістері; - тәрбие жоспары мазмұнына сай ұлттық құндылығын қалыптастыратын тапсырмаларды орындауға бағытталған;
Іс-әрекеттік	тәрбие жұмысы негізінде ұлттық құндылығын қалыптастыратын тәрбие жоспары мазмұнының ізденім-паздықпен жоспарлау, оны шешуге ұмтылыс, шығармашылық жаңа нәтиже	- тәрбие жоспары мазмұнына сай ұлттық құндылығын қалыптастыратын тапсырмаларды жаңа идеяларды жүзеге асыру мүмкіндігі; - тәрбие жоспары мазмұнына сай ұлттық құндылығын қалыптастыратын тапсырмаларды орындауды ізденімпаздықпен жоспарлау, оны орындаудағы іскерлігі; - тәрбие жоспары мазмұнына сай ұлттық құндылығын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындау құзыреттілігі; - тапсырмаларды шығармашылықпен орындау нәтижесі;

*Орта деңгей:* тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығы толық қалыптаспаған мән-мазмұнын саналы түрде түсінбейді, қызығушылықпен қарастырады, күнделікті тәжірибеде көріп білгендерін, бақылағандарын айтып беруге талпынады. Өздігінен ізденуге талпынады, бірақ ой-қорытындысын шығаруға қиналады; ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған тапсырманы, тәрбиелік іс-шараны мұғалімнің көмегімен орындайды.

*Жоғары деңгей:* тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығы қалыптасқан мән-мазмұнын жақсы саналы түсінеді, күнделікті тәжірибеде көріп-білгендерін, бақылағандарын еркін айтып берумен шектелмей, дәлелдеп түсіндіреді..

Өздігінен ой-қорытындысын шығарады; ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған тапсырманы, тәрбиелік іс-шараны үлкен жауапкершілікпен орындайды

Ұлттық құндылық абстракты ұғым емес, ол ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық құндылық ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады.

Тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың негізгі көзі тәрбие жұмысының жоспары мазмұны, әсіресе тәрбие сағаттары болып табылады. Тәрбие жұмыстары негізінде бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-этикалық дүниетанымын, адамгершілік мінез-құлығын, ұлттық құндылықтарын қалыптастыратын тәрбие сағаттарының, тәрбиелік іс-шаралардың орны бөлек. Мектеп оқушыларының ұлттық құндылықтарға құрметін тәрбиелеу үшін отбасында ата-анадан бастап, мұғалімдер қауымы үлгі болар тұлғалар бейнесін оқып-үйрену, кездестіру, сұхбаттастыру, тыңдаттырып, соңынан оқушыларға талқылаттыру қажет. Ұлттық сананы қалыптастырып, ұлттық рухты қозғайтын, рухани сезімдеріне әсер ететін еліміздің атақты ақын-жазушыларымен кездесу кештерін, өз еңбектерінде ұлттық мәселелерді қозғайтын

ғалымдармен, ұлттық өнердің өкілдерімен бірлесе, пресс конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесу кештері, дебаттар және мектеп оқырмандары үшін кітаптар мен мерзімдік басылым беттеріндегі мақалаларды тақырып мақсатына сәйкес топтастырып, көрмелер.

Оқушылардың ұлттық құндылықтарға құрметін тәрбиелеуді отбасынан басталған тәрбиені бастауыш деңгейде тәрбие жұмысын ұйымдастыру формаларын, технологияларын, әдістерін жетілдіріп отыру қажет. Сонда ғана тәрбие жұмысы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудағы ықпалы зор болмақ.

Қорыта келгенде, бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру тұлғаның табиғи жаратылысы мен арнайы ұйымдастырылған тәрбие жұмысы негізінде тұлғаның ұлттық санасын, сезімін, мінез-құлқын дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі, жоспарлы жүргізілетін жұмыстың нәтижесі болып табылады. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастыратын болсақ, тәрбие жұмысы негізінде оқушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыруда тәрбие жұмысының жоспары мен мақсатына сәйкес оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп, тәрбие технологияларын саралап, пайдалану қажет, - деп санаймыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.
2. «Мәдени мұра бағдарламасы» 2007-2009жж – Астана, 2007
3. Философиялық сөздік Философиялық сөздік /құрас. Нұрғалиев Р.Н. Алматы, 1996.
4. ҚР «Этникалық -мәдени білім беру» тұжырымдамасы – Алматы, 1996.
5. әл-Фараби Таңдамалы трактаттар. Арыс баспасы. 2000 – 87-89 б.
6. Ш.Уәлиханов Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
7. Ы.Алтынсарин Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. - 285 б.
8. А.Құнанбаев Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995. – Т. 2. – 335 б.
9. Ж.Аймауытов Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 560 б.
10. М.Дулатов Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп, 2003. – 341 б.
11. А.Байтұрсынов Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003.- 408 б.
12. М.Жұмабаев Шығармалар жинағы. 3 том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: Жазушы, 2003. – 232 б.
13. А.Сейдімбек Қазақ әлемі. – Алматы: Білім, 1998. – 155 б.
14. Ә.Нысанбаев Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. –Алматы, 2002. - 264 б.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-96-98

## СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**КАСЫМОВА А.А.**

Кокшетауский высший медицинский колледж, Кокшетау

---

**Аннотация.** В современных условиях сложившегося рынка труда возникла острая необходимость в такой системе подготовки практико-ориентированных специалистов, которая могла бы быстро и адекватно реагировать на быстрые изменения, происходящие при создании новых видов производств и технологий. Остро ощущается нехватка работников новых профессий, а так же специалистов, обладающих обновленными знаниями и умениями в рамках существующих профессий. По мере увеличения сложности производственных процессов растет и уровень требования работодателей к квалификации своих потенциальных работников.

**Ключевые слова:** симуляция, электронные и виртуальные (компьютерные) модели, тренинг, электронное обучение (e-learning), вебинар, геймификация, телемедицина, искусственный интеллект (ИИ).

---

Актуальность данного вопроса, заключается в том, что современное производство нуждается в таких специалистах среднего звена, которые могут широко и сознательно использовать знания, приобретенные в учебных заведениях, в своей профессиональной деятельности.

Важное место в развитии общества отводится системе образования, в том числе и системе среднего профессионального образования. Подготовка такого рода специалистов возможна только в том случае, если, во-первых, становление личности студента будет осуществляться в рамках модели обучения и воспитания, которая отражает реальную действительность; во-вторых, эта модель по мере своего развития будет приближаться к реальной действительности и в конечном итоге переходить в нее. Это требует от преподавателей изменения отношения к науке, овладения современной теорией обучения, формирования нового типа педагогического мышления. Все это является неперенным условием интенсификации образовательного процесса в профессиональном образовании.

В современных условиях рынок труда диктует новые требования к уровню и качеству профессиональной подготовки будущих специалистов. Выпускник должен быть высокообразованным, компетентным, способным решать профессиональные задачи в постоянно изменяющихся условиях деятельности.

Классическая система клинического медицинского образования не способна в полной мере решить проблему качественной практической подготовки медицинского работника. Главными препятствиями к этому являются отсутствие непрерывной обратной связи между обучающимся и педагогом.

Поэтому ключевой задачей современного среднего медицинского образования является создание условий для развития у обучающихся широкого спектра компетенций и прочно закрепленных практических навыков без риска нанесения вреда пациенту.

Сюда относится развитие способности быстрого принятия решений медицинским работником и безупречного выполнения ряда манипуляций или вмешательств, особенно при неотложных состояниях.

Одним из методов повышения качества практической подготовки будущих медицинских сестёр, медицинских лабораторных техников является использование симуляционных технологий. Симуляция в медицинском образовании – современная технология обучения и оценки практических навыков, умений и знаний, основанная на реалистичном моделировании, имитации клинической ситуации или отдельно взятой физиологической системы, для чего



могут использоваться биологические, механические, электронные и виртуальные (компьютерные) модели.

1. Группы симуляционных технологий для обучения медицине.

В настоящее время по уровню реалистичности выделяют семь групп симуляционных технологий для обучения медицине. Преимущества симуляционного тренинга на современном этапе развития медицины не вызывают сомнений.

Визуальный: классические учебные пособия, электронные учебники, обучающие компьютерные игры.

Тактильный: тренажеры для отработки практических навыков, реалистичные фантомы органов, манекены сердечно-лёгочной реанимации (СЛР), например, фантом для отработки интубации трахеи.

Реактивный: манекены низшего класса реалистичности (Low-Fidelity).

Автоматизированный: манекены среднего класса реалистичности, видеооборудование.

Аппаратный: симулятор среднего класса в палате, оснащенной медицинской мебелью и аппаратурой, тренажер, укомплектованный реальным медицинским оборудованием.

Интерактивный: роботы-симуляторы пациента высшего класса реалистичности (High Fidelity) и виртуальные симуляторы с обратной тактильной связью.

Интегрированный: комплексные интегрированные симуляционные системы – взаимодействующие виртуальные симуляторы.

2.Современные образовательные технологии

1.Электронное обучение (e-learning)

Электронные образовательные платформы позволяют студентам осваивать теоретические материалы в удобное время и формате. Такие платформы, как Moodle и Blackboard, предоставляют доступ к лекциям, тестам и учебным пособиям. Студенты могут взаимодействовать с преподавателями и коллегами через онлайн-дискуссии и вебинары.

2.Симуляционные технологии

Симуляционные центры предоставляют возможность отрабатывать практические навыки на высокотехнологичных манекенах и тренажерах. Эти технологии используются для обучения сердечно-легочной реанимации, хирургических вмешательств и диагностики сложных случаев, что минимизирует риски ошибок при работе с реальными пациентами.

3.Дополненная и виртуальная реальность (AR/VR)

Технологии AR/VR позволяют моделировать сложные клинические случаи и создавать интерактивные тренинги. Например, студенты могут “участвовать” в операциях или изучать анатомию в трехмерной виртуальной среде.

4.Геймификация

Игровые элементы, такие как викторины, виртуальные симуляции и соревнования, повышают мотивацию студентов и способствуют лучшему усвоению материала.

5.Телемедицина

Телемедицинские технологии активно внедряются в процесс обучения, предоставляя студентам доступ к онлайн-консультациям, обсуждению реальных клинических случаев и участию в международных конференциях.

6.Искусственный интеллект (ИИ)

ИИ используется для создания адаптивных учебных программ, которые подстраиваются под уровень знаний студента. Анализ данных позволяет персонализировать образовательный процесс и выявлять области, требующие дополнительного внимания.

3.Преимущества внедрения технологий.

Современные технологии обеспечивают:

•Гибкость обучения. Возможность изучения материалов в любое время и из любой точки мира.

•Повышение качества подготовки. Студенты могут отрабатывать сложные навыки в безопасной среде.

- Индивидуальный подход. Адаптивные системы обучения учитывают способности и потребности каждого студента.

- Экономию ресурсов. Снижается потребность в использовании дорогого оборудования и материалов.

#### 4. Проблемы и ограничения

1.Высокая стоимость технологий. Внедрение симуляторов и виртуальной реальности требует значительных инвестиций.

2.Неравномерный доступ. В регионах с низким уровнем финансирования доступ к современным технологиям ограничен.

3.Необходимость подготовки преподавателей. Для работы с новыми инструментами преподавателям требуется обучение.

#### 5. Перспективы развития

Будущее медицинского образования связано с интеграцией технологий:

- развитие искусственного интеллекта для автоматизации обучения,
- внедрение мобильных приложений для изучения клинических протоколов,
- применение гибридного обучения, сочетающего онлайн и офлайн-форматы.

Современные образовательные технологии значительно повышают качество подготовки медицинских специалистов. Они делают процесс обучения более доступным, интерактивным и эффективным, одновременно решая актуальные задачи адаптации к изменениям в медицине. Однако для их успешного внедрения необходимо учитывать проблемы доступности и необходимости подготовки кадров.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Романцов М.Г., Мельникова И.Ю. Инновации в медицинском образовании посредством внедрения педагогических технологий// Успехи современного естествознания.
2. Абинова Н.М., Интеграция в образовании
3. Берулава М. Н., Теоретические основы интеграции образования / М.Н. Берулава: Совершенство, 2010.

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-99-102

## ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ: ҰСЫНЫСТАР МЕН БАҒЫТТАР

**КЕРІМТАЙ ӘЛШЕР ЖҰБАНЫШБЕКҰЛЫ**  
**КОЖАБЕКОВА ЭЛЬМИРА КУРБАНАЛИКЫЗЫ**

Физика кафедрасының магистранты.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: **ОРМАНОВА ГАНИЯ КЕМАЛОВНА**  
Шымкент қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстанда мұғалімдердің цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы стандарттарды әзірлеу бойынша ұсыныстар қарастырылады. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін ұлттық цифрлық құзыреттілік шеңберін құру, цифрлық ресурстарды қолдану талаптарын анықтау, педагогикалық тәжірибені жетілдіру және мұғалімдерді цифрлық құралдарды тиімді қолдануға бағытталған бағдарламалар ұсыну қажет. Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстарын стандарттау, мектептердің технологиялық қолдауын күшейту, мұғалімдердің дағдыларын бағалау үшін критерийлер мен индикаторлар әзірлеу ұсынылады. Мұғалімдердің цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануы еліміздің білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.*

***Кілт сөздер:** Цифрлық білім беру ресурстары, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі, білім беру стандарттары, цифрлық құралдар, педагогикалық тәжірибе, бағалау критерийлері, технологиялық қолдау, цифрлық құзыреттілік шеңбер.*

Цифрлық білім беру ресурстарының тиімді пайдаланылуы білім беру үдерісін жаңартуға және сапасын арттыруға үлкен әсер етеді. Қазіргі заманғы мұғалімдер тек пәндік білім мен педагогикалық дағдыларды ғана меңгеріп қоймай, сондай-ақ цифрлық технологияларды оқыту процесіне интеграциялау қабілеттілігіне де ие болуы тиіс. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін стандарттар мен нұсқаулықтар қажет, олар оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға және әрбір мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік береді [1].

Зерттеулер бойынша цифрлық құралдарды қабылдау мен қолдануға әсер ететін факторлар: мұғалімдердің цифрлық құралдарды пайдалануына олардың қабылдауы, техникалық қолдау деңгейі, және дайындық деңгейі маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мұғалімдер технологияның пайдалы екенін түсінгенімен, техникалық қолдаудың жетіспеушілігі бұл құралдарды қолдануды тежейді. Сондай-ақ, технологияларды енгізуге мектеп әкімшілігінің қолдауы мен әлеуметтік ықпалы үлкен маңызға ие екендігін Е.Ванкатеш өз еңбегінде атап өтеді. Е.Ванкатеш "Unified Theory of Acceptance and Use of Technology (UTAUT)" моделін ұсынған болатын [2]. Бұл модельде мұғалімдердің цифрлық құралдарды қолдану ниетіне әсер ететін факторларды (өнімділік күтулері, күш-жігердің жеңілдігі, әлеуметтік әсер және қолдау құралдары) сипаттайды. Технологияның білім беру сапасына әсері: Кейбір зерттеулер цифрлық технологиялардың оқыту нәтижелеріне кішігірім, бірақ оң әсері бар екенін анықтады. Бұл әсіресе тілді үйретуде және оқу дағдыларын дамытуда байқалады. Алайда, бұл әсер әрдайым бірдей бола бермейді, және оның тиімділігі мұғалімдердің құралдарды дұрыс пайдалана білуіне байланысты.

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі: Мұғалімдердің технологияларды пайдаланудағы қиындықтары жиі олардың қажетті дағдыларды игермегенімен байланыстырылады. Бұл шектеулер әсіресе дамушы елдерде жиі кездеседі, мұнда техникалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және оқытушылардың тиісті дайындықтың жоқтығы маңызды проблемалар болып табылады. Емельянов И. цифрлық технологияларды қолданудың білім сапасына әсерін зерттеген. Әсіресе, оқу және жазу дағдыларын жақсарту мақсатында қолдану талданған [3].

Еңбегі цифрлық технологияларды білім беруде қолдану мүмкіндіктері мен шектеулерін талдауда маңызды екендігін және зерттеу технологияларды оқыту жүйесіне интеграциялау үшін педагогикалық, техникалық, және әлеуметтік аспектілерді кешенді түрде қарастыру қажеттігін атап өтеді. Авторлар білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін мұғалімдерді қолдауға және олардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға ерекше назар аударады.

Цифрлық құралдардың білім беру тиімділігіне қатысты зерттеулер олардың оқыту процесін оңтайландырып, оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Бұл технологиялар оқу материалдарын жекелендіру, ақпаратты тереңірек меңгеру және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

- Жекелендіру мүмкіндігі: Цифрлық платформалар мен қосымшалар оқушылардың оқу қарқыны мен қабілетіне сәйкес тапсырмаларды ұсынып, оқу мазмұнын бейімдеуге жағдай жасайды. Бұл әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

- Мазмұнды меңгеруді арттыру: Бейне, анимация және симуляция сияқты мультимедиялық құралдарды пайдалану оқушылардың ақпаратты оңай қабылдауына және оны ұзақ мерзімде есте сақтауына көмектеседі. Осындай әдістердің әсіресе математикалық және тілдік пәндерде тиімділігі жоғары екені анықталған.

- Белсенділік пен ынталандыру: Интерактивті тесттер немесе ойын элементтері оқушылардың оқу процесіне белсенді араласуына мүмкіндік береді, бұл олардың білім сапасын жақсартады.

- Практикалық тәжірибе: Виртуалды зертханалар мен симуляциялар күрделі тақырыптарды түсінуді жеңілдетеді және тәжірибелік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігіне арналған шетелдік зерттеулер бірнеше маңызды бағыттарды қамтиды олар халықаралық деңгейде мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін бағалау және дамыту үшін түрлі модельдер мен құрылымдар ұсынылған. Бұл модельдер мұғалімдердің оқыту барысында цифрлық құралдарды тиімді пайдалану, этикалық мәселелерді шешу және оқушылармен интерактивті өзара іс-қимыл орнату дағдыларын қамтиды. Негізгі құзыреттерге коммуникация, коллаборация, ақпаратты басқару, цифрлық мазмұнды құру және этика жатады[4]. COVID-19 пандемиясының әсері пандемия мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігіне ерекше назар аударуға мәжбүр етті. Зерттеулерде қашықтықтан оқытуды енгізу мұғалімдерді жаңа технологияларды жедел меңгеруге итермелегені айтылған. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды игеру деңгейінің әлеуметтік тұрақтылық пен әділеттілікке ықпалына ерекше көңіл бөлінуде[5]. Әлеуметтік және тұрақты даму тұрғысынан цифрлық құзыреттілік тек технологияны меңгеруді ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік мәселелерді шешуді де қамтиды. Бұл мұғалімдерді оқыту бағдарламаларына инклюзия, мәдени мұра мен әлеуметтік әділеттілік мәселелерін интеграциялау қажеттігін көрсетеді [6]. Халықаралық стандарттар мен бағалау құралдары

Білім беру саласындағы цифрлық құзыреттілікке арналған халықаралық стандарттар арасында DigCompEdu және UNESCO-ның ұсыныстары ерекше орын алады. Бұл құралдар мұғалімдердің кәсіби даму қажеттіліктерін анықтауға және цифрлық құзыреттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді [7].

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру жүйесінде цифрлық ресурстарға қойылатын стандарт жүйесі жасалмаған. Стандарт жүйесі бекітудегі мақсат арнайы оқытушылардың деңгейлеріне байланысты қолдануға болатын платформалар жиынтығын ұсыну және арнайы біліктілікті арттыру орталықтарына қосымша жүктеме ретінде бекіту болып табылады. Біз елімізге Балондық оқыту, STEM секілді оқыту жүйелерін енгізудеміз. ЦБР қолдануда оқытушылардың құзыреттілігін арттыруда стандарттар болуы міндетті [8]. Шет елдік DigCompEdu (Digital Competence Framework for Educators) — бұл Еуропалық Одақтың мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамытуға арналған негізгі стандарты. Ол мұғалімдерге білім беру саласында технологияларды тиімді пайдалануға көмектесетін құрылымдық бағыттарды ұсынады. Стандарттың басты мақсаты DigCompEdu мұғалімдерге цифрлық құралдарды қолдануда

дағдыларын дамытуға, оқушылардың оқу тәжірибесін жақсартуға және білім беру инновацияларын енгізуге мүмкіндік береді.

Құрылымы бойынша DigCompEdu шеңбері алты салаға бөлінеді:

- Сандық ресурстарды таңдау, құру және басқару
- Цифрлық құралдар арқылы оқыту және оқу процесін жақсарту
- Оқушылармен және әріптестермен интерактивті қарым-қатынас
- Бағалау процестерін цифрландыру
- Оқушыларды қолдау және олардың қажеттіліктеріне бейімделу
- Оқушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің даму деңгейі үш сатымен өлшенеді:

- ✓ Жаңадан бастаушы (Newcomer)
- ✓ Сарапшы (Expert)
- ✓ Көшбасшы (Leader).

DigCompEdu мұғалімдерге өздерінің кәсіби дағдыларын бағалауға және жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл стандарттар оқыту бағдарламаларын әзірлеу және бағалау үшін қолданылады.

Қазақстанда мұғалімдердің цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы стандарттарды әзірлеу үшін бірнеше маңызды ұсыныстарды қарастыру қажет. Біріншіден, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін бағалау үшін ұлттық цифрлық құзыреттілік шеңберін құру маңызды. Бұл шеңбер, мысалы, DigCompEdu және ЮНЕСКО-ның ұсыныстарын негізге ала отырып, мұғалімдердің цифрлық дағдыларын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Шеңберді құру барысында мұғалімдердің сандық ресурстарды іздеу, іріктеу, қолдану және оқытуда тиімді пайдалану салаларына ерекше назар аудару керек. Әр деңгейдегі (жаңадан бастаушы, кәсіби, көшбасшы) мұғалімдердің дағдыларын бағалауға мүмкіндік беретін арнайы жүйе енгізілуі тиіс.

Екіншіден, мұғалімдердің цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы талаптарды анықтау маңызды. Бұл үшін мұғалімдердің сандық ресурстарды қолдану жиілігі мен олардың оқыту үдерісіне интеграциясын бағалайтын критерийлер мен индикаторлар әзірленуі қажет. Мұндай критерийлер бағалау процестерін цифрландыру деңгейін, оқушылармен қарым-қатынастағы цифрлық құралдардың қолданылуын, сондай-ақ бағалау әдістерін қамтуы тиіс.

Үшіншіден, цифрлық білім беру ресурстарын стандарттау жүйесі қажет. Бұл мұғалімдерге арналған ұлттық білім беру платформасын құруды, цифрлық ресурстардың сапасын бағалау үшін арнайы тізімдерді бекітуді қамтиды. Ресурстардың ғылыми негізділігі, интерактивтілігі, пайдаланушыға ыңғайлылығы сияқты аспектілер ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, әр пән бойынша стандартталған ресурстарды енгізу маңызды.

Төртіншіден, педагогикалық тәжірибені жетілдіру үшін мұғалімдерге арналған тұрақты оқыту бағдарламалары, онлайн тренингтер мен практикалық жобалар ұйымдастырылуы тиіс. Бұл мұғалімдердің цифрлық құралдармен жұмыс істеу деңгейін арттырып, олардың цифрлық құзыреттіліктерін үздіксіз дамытуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер қауымдастығын құру, оларды цифрлық ресурстарды қолдану тәжірибесімен бөлісу мақсатында түрлі өңірлерде жиналыстар мен конференциялар өткізу қажет.

Бесіншіден, Қазақстанның әр өңірінде тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін мектептерді технологиялық тұрғыдан жаңарту керек. Сонымен қатар, мұғалімдерге техникалық қолдау көрсету үшін аймақтық және онлайн ресурстарды әзірлеу маңызды. Осылайша, барлық мұғалімдерге цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану мүмкіндігі беріледі.

Алтыншыдан, цифрлық ресурстардың қолданылуын мониторинг жасау үшін арнайы жүйе енгізілуі тиіс. Бұл жүйе мұғалімдердің цифрлық ресурстарды қолдануын бақылап, жыл сайынғы есептер арқылы олардың білім беру процесіне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы мұғалімдердің цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы стандарттарды жасау — бұл тек цифрлық құралдарды меңгеру ғана емес,

сонымен бірге оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Әрбір мұғалімнің кәсіби дамуы мен оның цифрлық құзыреттілігін арттыру Қазақстанның білім беру жүйесінің сапасын көтеруге ықпал етеді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану / молодой ученый. — 2020. — № 14 (304). — С. 292-295.
2. Venkatesh V., Thong J. Y. L., Xu X. Unified theory of acceptance and use of technology: A synthesis and the road ahead //Journal of the association for Information Systems. – 2016. – Т. 17. – №. 5. – С. 328-376.
3. Емельянович И. Государственные стандарты цифровой экономики //Наука и инновации. – 2016. – Т. 3. – №. 157. – С. 10-12.
4. Redecker, C., & Punie, Y. (2017). European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu. European Commission Joint Research Centre. Retrieved from <https://ec.europa.eu/jrc/en/digcompedu>
5. Tondeur, J., et al. (2017). Preparing Educators for Digital Transformation: The Role of Technology in Education and Teacher Professional Development. Education and Information Technologies. <https://doi.org/10.1007/s10639-017-9773-9>
6. UNESCO (2011). ICT Competency Framework for Teachers. UNESCO. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000212180>
7. European Commission (2020). Shaping the Digital Transformation of Education. European Commission Report. Retrieved from [https://ec.europa.eu/education/policies/european-education-area/digital-education-action-plan\\_en](https://ec.europa.eu/education/policies/european-education-area/digital-education-action-plan_en)

DOI 10.24412/2709-1201-2024-311-103-107

УДК551.521.3 551.583

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ОЙЫН ІС ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**МЕТЕРБАЕВА КУЛБАРШЫН МЕТЕРБАЕВНА**

Профессор м.а., ғылым кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

**АРАПБЕК КАМИДА АСҚАРҚЫЗЫ**

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу 2 курс магистрант, Қазақ ұлттық қыздар  
педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

---

**Аңдатпа.** Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту қазіргі жағдайда өзектілігі жоғары мәселелердің бірі.

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады, осы мәселені шешу үшін ойын мүмкіндіктері талданады. Авторлар мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативті дағдыларының негізгі компоненттерін сипаттайды, сонымен қатар олардың дамуына ықпал ететін ойындар спектрін ұсынады.

**Түйінді сөздер:** мектеп жасына дейінгі бала, коммуникативті дағды, ойын іс-әрекеті, мектепке дейінгі ұйым.

---

## ПУТИ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ДОШКОЛЬНИКОВ СПОСОБОМ ИГРОВУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

---

**Аннотация.** Развитие коммуникативных навыков детей дошкольного возраста является одной из актуальных проблем в современных условиях.

В статье рассматривается проблема развития коммуникативных навыков дошкольников, анализируются игровые возможности для решения данной проблемы. Авторы описывают основные компоненты коммуникативных навыков дошкольника, а также предлагают спектр игр, способствующих их развитию.

**Ключевые слова:** дошкольник, коммуникативные навыки, игровая деятельность, дошкольная организация.

---

## WAYS TO DEVELOP COMMUNICATION SKILLS OF PRESCHOOLERS THROUGH PLAY ACTIVITIES

---

**Annotation.** The development of communication skills of preschool children is one of the urgent problems in modern conditions.

The article deals with the problem of developing communication skills of preschoolers, analyzes the game possibilities for solving this problem. The authors describe the main components of a preschooler's communication skills, and also offer a range of games that contribute to their development.

**Keywords:** preschooler, communication skills, play activity, preschool organization.

---

**Негізгі бөлім.** Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде жүзеге асырылатын жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сүйене отырып, білім беру бағдарламасының мазмұны балалардың жеке басының, мотивациясының, қабілеттерінің әртүрлі қызмет түрлерінде дамуын қамтамасыз етуі керек және балалардың дамуы мен білімінің әртүрлі бағыттарын, соның ішінде коммуникативті дамуды қамтуы керек, оның жетістігі көбінесе

коммуникативті дағдылардың қалыптасуына байланысты[1]. Коммуникативті дағдыларын жоғары деңгейде меңгеру балаға әртүрлі қызмет түрлерінде басқа адамдармен қарым-қатынаста табысқа жетуді қамтамасыз етеді, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу мәдениетінің негіздерін меңгерген коммуникативті және ынтымақтастықты білетін адамдар сұранысқа ие қазіргі қоғамда оның одан әрі дамуына ықпал етеді. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңдегі міндеттердің бірі-балаларды құрдастарымен және ересектермен саналы түрде байланысуға үйрету.

Маңыздылығына байланысты бұл мәселе Г.М.Андреева, А.А.Леонтьев, М.И.Лисина, Т.А.Репин және т.б. сияқты көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

Ғылыми әдебиеттер мен заманауи тәжірибелерді талдау бірқатар қайшылықтарды анықтады:

- қоғамның коммуникативті дағдылары жоғары адамдарға деген қажеттілігі мен сонымен бірге қазіргі қоғамдағы коммуникативті мәдениеттің төмендеуі арасында;

- әлеуметтену үшін қажетті коммуникативті дамудың белгілі бір деңгейі түрінде мектепке дейінгі ұйымнан шыққан кезде білім беру нәтижелеріне мемлекеттік стандарттың талабы мен коммуникативті дағдыларды қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстың болмауы арасында.

- мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту қажеттілігін түсіну және оларды дамыту құралдарының жеткіліксіз дамуы арасында.

- мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын дамытудағы ойынның маңыздылығын түсіну және оларды дамыту үшін ойын іс-әрекетінің педагогикалық мүмкіндіктерін жеткіліксіз пайдалану арасында.

«Коммуникативті дағды» ұғымын зерттеушілер әртүрлі түсіндіреді. О.Н.Сомкова коммуникативті дағдылар – қоршаған адамдармен өзара әрекеттесудің сындарлы тәсілдері мен құралдарын меңгеру; қарым-қатынас жасай білу және қарым-қатынас арқылы пайда болатын ойын, тұрмыстық және шығармашылық мәселелерді сәтті шешу деп санайды [2]. Педагог А.Н. Щукин коммуникативті дағдылар арқылы адамның дамыған дағдылар мен қол жеткізілген мақсаттар негізінде коммуникативті әрекеттерді шешу кезінде белгілі бір сөйлеу әрекетін орындауға деген ұмтылысы деп түсінеді [3].

Зерттеу негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларының құрылымында Мунирова Л.Р. [4] келесі компоненттерді бөліп көрсетеді: ақпараттық-коммуникативті, аффективті-коммуникативті, реттеуші-коммуникативті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дамуының психологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сүйене отырып, әр компоненттің мазмұнын анықтай алдық.

Ақпараттық-коммуникативті компонент қарым-қатынаста өзара әрекеттесу және ақпаратты қабылдау қабілеттерінен тұрады; әңгімелесушіде анықталатын дағдылар, қарым-қатынас кезінде туындайтын жағдайлар, сондай-ақ ауызша және вербалды емес қарым-қатынас мүмкіндіктерін салыстыру, ауызекі сөйлеу және сыпайы қарым-қатынас тәсілдерін қолдану; өз ойларын әсерлі және кең тұжырымдау.

Аффективті-коммуникативті компонент қызығушылықтармен алмасу, сезімдермен бөлісу, өз әсерлерімен, жетістіктерімен, байланысқан серіктеспен көңіл-күймен бөлісу қабілеттерін қамтиды; қарым-қатынас арқылы таныс адамдарға қырағылық, жанашырлық, қызығушылық білдіру; эмоционалды маңыздылығын бағалау мінез-құлығы.

Реттеуші-коммуникативті компонент өз іс-әрекеттерін, пікірлері мен көзқарастарын құрдастарының қарым-қатынас қажеттіліктерімен үйлестіру қабілеттерінен тұрады; сенім білдіру, байланыста болған және көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсету, жеңілдіктер жасау; ұжымдық мәселелерді реттеу кезінде жеке дағдыларын пайдалану; алынған қарым-қатынас нәтижелерінің маңыздылығын анықтау дағдылары, кеңесу, келісім немесе келіспеушілік қалыптастыру.



Мектеп жасына дейінгі ерекшеліктердің бірі-баланың коммуникативті дағдылары өздігінен қалыптаспайды, бірақ ересек адамның баламен мақсатты жұмысын жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады. Баланың коммуникативті дағдыларын дамытудың сәттілігі ересектердің осы жұмысты шебер ұйымдастыруына және тиісті әдістерді, формалар мен құралдарды таңдауға байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативті дағдыларды дамытудың тиімді құралы ретінде ойынды қолданудың орындылығы ойын әрекеті жетекші қызмет түрі болып табылатындығымен негізделген, оның шеңберінде оның жеке басының психикалық процестері мен психологиялық ерекшеліктерінде, оның ішінде коммуникативті дамуда маңызды өзгерістер болады.

Ойын-бұл балалардың коммуникативті дамуын ынталандыратын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын түсінуге және қабылдауға көмектесетін балалар іс-әрекетінің бір түрі.

Ойынның коммуникативті қабілеттерін дамыту құралы ретінде қолданылуын Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Элконин ұсынды.

Д.Б.Элконин ойынды баланың психикасындағы негізгі прогрессивті өзгерістер жүзеге асырылатын қызметтің жан-жақты түрі ретінде анықтайды.

Л.С.Выготскийдің пікірінше, мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуында ойын маңызды. Автор ойынның мәні тілектерді орындау екенін, бірақ жеке емес, жалпыланған эмоцияларды орындау екенін атап өтеді [5]. Ойын-бұл бұрын болған сезімдерді байыту және баланың ұмтылыстары мен тілектеріне сәйкес келетін заманауи шындыққа негізделген әрекет. Сонымен қатар, ойында жақын даму аймағы қалыптасады, яғни ерікті шешім пайда болады, болашаққа өз іс-әрекеттерін жоспарлау, сондай-ақ ерікті мотивтердің дамуы жүреді.

Педагог С.А.Шмаков ойынды тәрбиелік және педагогикалық құбылыс ретінде түсініп, оған жағымды эмоциялар, жайлы жағдай, оптимистік дүниетаным салынғанын атап өтті[6].

Ойын мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативті дағдыларды дамытудың тиімді психологиялық-педагогикалық құралы болып табылады. Алайда, оларды практикалық қызмет саласында қолдану бірқатар мәселелермен байланысты:

